

САРАПТАМА

Жасанды интеллект:
**БӘСЕКЕЛЕСТІК ҚАЛАЙ
ДАМАМАҚ?**

3

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №19 (6581) 28 ақпан, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

12+



БІЗ БІРГЕМІЗ!

МЕЙІРІМ МЕН ІЗГІЛІК МЕРЕКЕСІ

Елімізде 1 наурыз – Алғыс айту күні ретінде бекітілген. Бұл – бірлік пен татулықтың, мейірім мен ізгіліктің символына айналған мереке.

Атаулы күн ел бірлігі мен отан тұтастығын, халқымыздың өзара қамқорлығын дәріптеуді көздейді. Ел азаматтарының мұндай ізгі және ортақ құндылығы мемлекеттің көркеюі мен дамуында басты фактор ретінде қаралады. Қазақ елі – осы бір қасиетті топырақта жасаған әр ұлт пен ұлыстың құтты шаңырағы. Оның тәуелсіздігі мен тұрақтылығы әр ұлт өкілінің ортақ тілегі, ортақ мүддесінен туындайды. Әр шаңырақтағы ізгілік, өзара бауырмалдық тұтас елдегі бейбітшілік бәйтерегіне нәр бермек. Бірлік пен татулықты дәріптейтін мереке құтты болсын!

8



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСУЛЫ.

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР

елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етуі тиіс



Алматыда «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заңды іске асыру мәселелеріне арналған «дөңгелек үстел» өтті. Оған Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев қатысты.

2

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы

28.02.2025

Түнде:
 -6-8 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Кей уақытта тұман, жолдарда көктайғақ.

Күндіз:
 0,+2 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (жаңбыр, қар).

1.03.2025

Түнде:
 -3-5 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта қар, тұман, жолдарда көктайғақ.

Күндіз:
 +1+3 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

2.03.2025

Түнде:
 -3-5 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Кей уақытта тұман, жолдарда көктайғақ.

Күндіз:
 +4+6 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

www.aqshamnews.kz



«ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР

елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етуі тиіс



(Басы 1-бетте)

Ғылымды дамыту және елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі міндеттер мен ұсыныстарды талқылау барысында қатысушылар ғалымдарды әлеуметтік қолдау мәселесіне ерекше тоқталды. Мәулен Әшімбаев бұл ретте ғалымдар да өз тарапынан ғылыми зерттеулер елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етуі үшін аянып қалмауға тиіс екеніне және жаһандық трендтер мен экономикалық стратегия ескерілуі керектігіне маңыз берді. Нақ-

ты айтқанда, аграрлық ғылым, экология, су және ресурс үнемдеу, химия және мұнай-газ өнеркәсібіндегі шикізатты өңдеу, баламалы және атом энергетикасын дамыту сияқты салалар назарда болуға тиіс. Сондай-ақ, жасанды интеллект, биотехнология, заманауи медицина, гендік инженерия және ғарыш саласының рөлі мен болашағы да кеңінен сөз болды. Іс-шара барысында осы саладағы ұлттық заңнамаға енгізілген түзетулер талқыланды. Жиынға қатысушылар негізгі міндеттерді белгілеп, ғылымды дамыту,

инновацияларды енгізу және елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөнінде өз ұсыныстарын айтты.

Алматыға сапары аясында Палата Спикері сонымен қатар қаладағы бірқатар ұйымның сарапшыларымен және еңбек ұжымдарымен де кездесті. Абай атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған орта мектеп-интернатының құрылыс жұмыстарымен танысты және ҚР Президенті жанындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының ғимаратына барды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мәулен ӘШІМБАЕВ,
Сенат Төрағасы:АДАМИ КАПИТАЛ – ҒЫЛЫМИ
ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ

Мемлекет басшысы елімізде ғылымды дамыту мәселесіне әрдайым баса мән беріп келеді. Шын мәнінде, бұл сала елімізді дамыту жолында стратегиялық маңызға ие. Ұлттық ғылым академиясына мемлекеттік мәртебе берілуі туралы шешім отандық ғылымның ілгерілеуіне жаңа мүмкіндіктер бергені сөзсіз... Адами капитал – ғылыми дамудың негізі. Сондықтан ғалымдарды және ғылымдағы жас буынды жан-жақты қолдау үшін қажетті жағдай жасалып, жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ғылымды қаржыландыруға үлкен көңіл бөліп отыр. Соның нәтижесінде соңғы төрт жылдың ішінде ғылымды қаржыландыру 3 есеге ұлғайды. Осы орайда мұндай жан-жақты қолдау ғалымдардың өздеріне де үлкен жауапкершілік жүктейтінін атап өткен жөн. Еліміздің сапалы дамуында ғылымның үлесін арттыру аса маңызды. Ғылым табысты болуы үшін ол экономикамен және қоғаммен сабақтасып отыруға тиіс. Кездесуде айтылған идеялар мен ұсыныстар мұқият зерделеніп, Сенаттың алдағы заңнамалық қызметінде ескеріледі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: senate.parlam.kz).

ҒЫЛЫМ

МЕМЛЕКЕТТІК СТИПЕНДИЯЛАР
Лауреаттар анықталды

Алматы қаласындағы «Ғылым Аордасы» ғимаратында ғылым саласындағы сыйлықтар мен мемлекеттік ғылыми стипендиялардың 2024 жылғы лауреаттарын салтанатты марапаттау іс-шарасы өтті.

Іс-шараға ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, ҚР Президентінің жанындағы ҚР ҰҒА Президенті Ақылбек Күрішбаев, ҒЗИ және ЖОО басшылары, зиялы қауым өкілдері, ғалымдар мен оқытушылар қатысты.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек өз сөзінде Мемлекет басшысының ғалымдардың әлеуметтік мәртебесін көтеру және қолдау көрсету, сондай-ақ ғылымға жас кадрлардың келуін ынталандыру саясатының арқасында оң өзгерістер орын алғанын атап өтті.

Президент тапсырмасын іске асыру мақсатында 2024–2026 жылдарға арналған қолданбалы ғылымды мемлекеттік қаржыландыру көлемі ұлғайтылды, жас ғалымдарды қолдау шаралары күшейтілді, ғылымды дамыту және технологиялық саясатты іске асыруға бағытталған «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заң қабылданып, ғылыми ұйым қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары артты, Ұлттық Ғылым академиясының институционалдық рөлі нығайды.

Министр Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, физика-математика ғылымдарының докторы, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі Асқар Жұмаділдаевты туған күнімен құттықтап, оның ғылым мен білім саласындағы аса



зор еңбегі мен жетістіктерін жоғары бағалады.

Салтанатты іс-шара аясында Саясат Нұрбек сыйлықтар мен стипендиялар лауреаттарына дипломдар, төсбелгілер мен сертификаттар табыс етті.

Жетекші ғалымдар мен жас ғалымдар 2024 жылғы мемлекеттік ғылыми стипендиялар конкурсының жеңімпаздары атанып, ғылым мен білім саласына қосқан үлестері үшін жоғары бағаланды. Марапатталған ғалымдар өз зерттеулерінде жаңа бағыттарды ашып, Қазақстанның ғылыми әлеуетін арттыруға зор үлес қосуда.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

2024 ЖЫЛҒЫ ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ АТАУЛЫ СЫЙЛЫҚ ИЕГЕРЛЕРІ:

- Айшуақ Қонаров пен Нұржан Бердалыұлы – Жаратылыстану ғылымдары саласындағы 2024 жылғы үздік ғылыми зерттеу үшін: Қаныш Имантайұлы Сәтбаев атындағы сыйлықтың лауреаты.
- Мақсат Жабағин – Гуманитарлық ғылымдар саласындағы 2024 жылғы үздік ғылыми зерттеу үшін: Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты.
- Айнұр Әлмұхамбетова – Педагогика саласындағы үздік ғылыми зерттеу мен жұмысы үшін: Ыбырай Алтынсарин атындағы сыйлықтың лауреаты.
- Айнұр Сейтбекова – Түркология саласындағы аса зор жетістіктері үздік ғылыми жұмысы үшін: Күлтегін атындағы сыйлықтың лауреаты.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



Трамппен Зеленский кездесуі:

ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛДІГІ

АҚШ және Украина сирек кездесетін металдар бойынша келісімге қол қоюға келісті.

Соңғы күндері Украина жерінде негізгі тартыс майданда емес, ақпарат алаңында өтуде. Сәйкесінше, тараптар нақты ұстанымдарын айқындап, дипломатияның сайран құрар кезі келгендей. Алайда, Украина президенті апта басында ұйымдас-тырған баспасөз конференциясында АҚШ президенті Д.Трамппен әкімшілігі тарапынан ұсынылып отырған сирек кездесетін металдар қорын бірлесіп меңгеру ұсынысы Украина халқы үшін тиімсіз екенін мәлімдеді. Ол: «Болашақ ұрпақ алдында қарыз болғымыз келмейді», – деп атап өтті. Дегенмен, апта ортасында В.Зеленскийдің Вашингтонға сапары белгілі болып, бүгін, жұма күні, Д.Трамппен В.Зеленскийдің ресми түрде алғаш рет кездесуі белгіленген. Д.Трамппен билікке келгелі бері Израиль премьер-министрі Нитаньяхун және Франция президенті Э.Макроннан кейінгі қабылдап отырған үшінші мемлекет басшысы. Бұл өз кезегінде Д.Трамппен әкімшілігінің алдағы төрт жылдағы сыртқы саясатында Израиль мен Украинаға ерекше басымдық беретінін көрсетсе керек. Осыған дейін ақпарат беттерінде «Украина мен АҚШ арасындағы сирек кездесетін металдар қорын меңгеру бойынша келісім-шарттың алғашқы нұсқасы» деген атаумен таралған құжатта Украина тарапы талап етіп отырған «қауіпсіздік кепілдігі» туралы ақпарат жоқ. Жалпы, соңғы кездері жиі айтылатын қауіпсіздік кепілдігі дегеніміз не? Украина қандай қауіптен қорқып, қай тараптан қауіпсіздік кепілдігін сұрауда? Бүгінгі мақаламызда осы тақырыпты талқылап көрелік.

Бейбіт келісімге басты кедергі не?

Франция президенті Эммануэль Макрон Ақ үйге ресми сапармен барып, Еуропалық Одақ елдері атынан Украина мен АҚШ арасында саябырсып келе жатқан байланысты қайта қалпына келтіруге тырысқан еді. Алғаш рет Эммануэль Макрон Еуропалық Одақ елдері қауіпсіздік кепілдігі ретінде Украинаға бітімгерлік күштерін жіберуге әзір екендігін мәлімдеді. Еуропалық Одақ елдері үшін «шығыстағы қақпасының» қауіпсіз болуы өте маңызды. Сондықтан Украинадағы бейбітшілік келісімі Еуро-



(Дереккөз: www.lenta.ru).

палық Одақ елдерінсіз өтуінің тиімділігі де өте төмен болмақ.

Украина үшін соңғы үш жыл тек саяси тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар экономикалық тұрғыдан да ауыр болды. Еуропалық Одақ елдері, АҚШ, Жапония, Оңтүстік Корея және басқа да елдердің экономикалық көмегінің арқасында ол әлемнің екінші армиясына қарсы тұра алды. Бүгінде Украина әскери өндіріс саласында әлеуетті индустрия қалыптастырып, соғыс алаңында қолданылып жатқан қару-жарақтың 46%-ы отандық өндіріске негізделіп отыр. Алайда, Ресей мен Украина арасындағы қақтығысты 24 сағат ішінде тоқтатамын деп уәде берген Д.Трамппен бейбітшілік келісім-шартына қол қойудан бұрын, осыған дейін Украинаға жұмсалған 500 млрд АҚШ долларынан астам қаражаттың өтемі ретінде Украина жеріндегі сирек кездесетін металдарды америкалық компаниялармен бірлесіп игеру жөнінде келісімге қол қойдыруға тырысты. Д.Трамппен әкімшілігінің бұл әрекеті, біріншіден, кез келген саяси қадамның астарында экономикалық мүдде жатқанын көрсетсе, екіншіден, Украина үшін соғыс барысында алған әрбір көмектің болашақта аталмыш әріптестері алдында қайтарымы болатынын ескерткендей.

Қазіргі таңда бейбітшілік келісіміне қол

қоюға Ресей де, Украина да қарсылық танытып отырған жоқ. Бейбіт келісімге басты кедергі – Украина үшін ұжымдық Батыс тарапынан біртұтас қауіпсіздік кепілдігін алу мәселесі. Қауіпсіздік кепілдігі деп нақты әрекеттерді, арнайы демилитаризацияланған аймақ қалыптастыруды және бейтарап бітімгерлік күштер арқылы аймақтың бақылауын орнатуды меңзеп отыр. Қазірдің өзінде Еуропалық Одақ елдері бітімгерлік күштерін жіберуге әзірлігін білдірсе, АҚШ тарапы нақты кепілдік туралы ешқандай мәлімдеме жасаған жоқ. Қалай десек те, егер Украинаның шығыс бөлігінде арнайы демилитаризацияланған аймақ құрылатын болса, аталмыш аймақ тек Украинаны мен Ресейді ғана емес, Еуропа мен Еуразия құрлығын бөліп тұратын, символикалық тұрғыдан XX ғасырдағы Берлин қабырғасының баламасы іспетті болмақ.

• АҚШ тарапынан Украинаға қарата нақты қандай қауіпсіздік шарттары мен міндеттемелері қойылатыны әзірге белгісіз. Бірақ Украина тарапы, соғысты біржола тоқтатып, елді экономикалық тұрғыда қайта қалпына келтіруге ынталы болып отыр.

Халықаралық ұйымдар мәселені тиімді шешуге неге қауқарсыз?

Украина жеріндегі саяси қақтығыс бас-талғалы әлемдік қауымдастық бұл соғыстың даму траекториясын нақты болжай алмағанымен, бір мәселені айқын түсінді. Біріншіден, екі тараптың да бір-бірін толықтай жеңуі мүмкін емес. Себебі, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін жаһандық саясаттағы әрбір саяси дағдарыс негізінен дипломатиялық жолмен шешіліп келгенін және оның ең тиімді әдіс екендігін көріп отырмыз. Екіншіден, Ресей мен Украина арасындағы қақтығыста халықаралық нормалардың маңыздылығы тағы бір рет дәлелденіп, болашақта халықаралық құқықтық реттеуші ұйымдардың ықпалын арттыру қажеттігі айқын сезілуде. Қазақстан соғыстың алғашқы күндерінен бастап тараптарды дипломатиялық келісімге шақырып, барлық мәселелердің БҰҰ жарғысы аясында шешілуін ұсынған болатын. Нәтижесінде бүгінде тараптар территориялық тұтастықты сақтау, қауіпсіздік кепілдігін қамтамасыз ету және мемлекеттің егемендігіне құрметпен қарау сынды маңызды құндылықтарға қайта оралуда.

Әлем елдері қандай сабақ алуы тиіс?

Тек аймақтағы елдер ғана емес, бүкіл жаһан жұрты соңғы үш жыл бойы Ресей мен Украина арасындағы саяси қақтығысты бақылап, маңызды сабақтар алды деп есептеймін. Біріншіден, ХХІ ғасырдағы мемлекетаралық соғыстың қандай формада өтетіні, технологиялық прогрестің соғыс алаңындағы рөлі, әскери стратегиялардың ерекшеліктері және мүдделес тараптардың қолдау көрсету тәсілдері айқын көрінді. Екіншіден, өзін ірі держава санайтын саяси күш орталықтарының кез келген уақытта мемлекеттік мүддесін қорғау үшін ұстанымын өзгерте алатыны да дәлелденді. Үшіншіден, жаһандық тұрақтылықты қалыпты деңгейде ұстап тұруда орта державалар маңызды рөл атқаратыны анықталды. Себебі, жақын болашақта алып державалар арасындағы түрлі неоимпериалық сипаттағы жобалар күшейген жағдайда жаһандық қауіпсіздіктің кепілі ретінде орта державалардың рөлі арта түседі.

Нұрболат НЫШАНБАЕВ,
сарапшы,
«Тұран» университеті.



Жасанды интеллект:

2025 жылы қаңтарда қытайлық DeepSeek стартапы жасанды интеллект нарығын дүр сілкіндірді. Жаңа чат бот америкалық ЖИ өнімдерін өндіруші компаниялардың акцияларының түсуіне әсер етті. Алайда, қор нарығы сарапшылары бұл қысқа уақытты қамтитын эйфория деп түсіндіруде. Жаңа дүние үнемі адамдарды өзіне тартымды етеді деген пікірде. Сарапшылардың пікірімен келіспеске амал жоқ. Америкалық технологиялық алыптар бәсекеге төтеп бере алмайды деп айта алмаймыз. Себебі, АҚШ-та қалыптастан инновациялық жүйені ынталандыру механизмдері өзінің тиімділігімен ерекшеленеді.

Мемлекеттік қолдау бар

АҚШ ЖИ саласында көшбасшы екені сөзсіз. Себебі, әлемдегі ең алғашқы чат бот стартаптар сонда пайда болды. Бұл стартаптар ірі компанияға айналып, ЖИ нарығы қалай дамитынын айқындауда. Қазір Бейжің Вашингтонға бәсекелестік жасауға тырысуда. Америкалық сарапшылардың пікірінше Қытай АҚШ-тан 2-3 жылға қалып барады. Алайда, қуып жету мүмкіндігі жоғары. Дегенмен, АҚШ та сол 2-3 жылда қол қусырып қарап отырмақ емес. АҚШ мұндай жетістікке қалай жетті? Бұл сұраққа жауапты инновациялық жүйесінен іздеу қажет. Жүйенің құрылу қағидалары, оның элементтері маңызды рөл атқарады.

Американың инновациялық жүйесінің негізгі үш элементі бар. Олар мемлекет, университеттер және бизнес. Мемлекеттік қолдаусыз және қорғаусыз инновацияны дамыту мүмкін емес. Стартапты жасауға мемлекеттік қолдау әркез керек болмас. Алайда, ол өсіп ірі бизнеске айналуы үшін мемлекеттік қолдау мен қорғау қажет. Мысалы, Google компаниясының негізін қалаушылар мемлекеттік қаржыландыру арқылы өз идеясын жүзеге асырған. Мұндай мысалдар өте көп.

Қазір Трампың саясаты да ЖИ саласын дамытуға бағытталған. Сол үшін де 500 млрд АҚШ доллары кө-

БӘСЕКЕЛЕСТІК ҚАЛАЙ ДАМЫМАҚ?

лемінде қаржы бөлу туралы шешім қабылдады. Ол бірнеше жылға берілетін қаражат екені сөзсіз. Дегенмен, бұл өте көп инвестиция. Салыстыру үшін мысал ретінде америкалық компаниялардың бөлген қаржыларын айта кетейік. Мысалы, Meta 2026 жылы 60 млрд, ал Microsoft биыл 80 млрд АҚШ долларын ЖИ-ге бөлген.

Өз нарығын қорғаудан тайынбайды

Вашингтон тек қаржылай қолдау ғана емес, ішкі нарықты қорғау шараларын да жүзеге асыруда. Биыл қаңтарда тағы бір маңызды құжат қабылданды. Ол әлемде ЖИ-ге қолжетімділікті бақылау үшін графикалық процессорлар саудасына шектеу қояды. Чат боттар жұмыс істеуі үшін біріншіден, ірі көлемде энергия көзі, екіншіден соңғы модельдегі қуатты чиптер қажет. Графикалық процессор (GPU) сондай чип болып табылады. Ал оны өндіруші әлемдегі ең ірі компания Nvidia АҚШ-та орналасқан. Әлемдегі GPU нарығының 80%-ы Nvidia-ға тиесілі. Яғни әлемдік монополист. Nvidia тұрғысынан қарайтын болсақ, әрине оның өнімінің әлемдегі саудасына мемлекеттің шектеу қоюы тиімді емес. Алайда, ұлттық мүдде мен қауіпсіздік тұрғысынан бұл шектеулер қажет.

АҚШ GPU саудасына қандай шектеу қояды? Бұл мемлекеттерге бағытталған шектеу. Қытай, Иран және Ресей компаниялары мен олардың территориясына графикалық процессорлар мүлдем сатылмайды. Себебі, аталмыш елдер американың стратегиялық қарсыластары.

Ал 18 мемлекетке сауда шектеуі жоқ. Олар: Австралия, Бельгия, Ұлыбритания, Канада, Дания, Финляндия, Франция, Германия, Ирландия, Италия, Жапония, Нидерланды, Жаңа Зеландия, Норвегия, Оңтүстік Корея, Испания, Швеция, Тайвань. Әрине, АҚШ-тың компанияларына шектеу қойылмаған. Қалған мемлекеттерге ішінара шектеулер бар. Мұның бәрі ЖИ саласында американың көшбасшылығын нығайтуға бағытталған шаралар.

Ішкі бәсекелестік жоғары деңгейде

Америкада 7 технологиялық алып компания бар. Олар Alphabet, Amazon, Apple, Meta, Microsoft, Nvidia және Tesla. Қаңтарда өткен Дональд Трампың ұлықтау рәсіміне аталмыш компаниялар басшылары да қатысты. Бұл нені білдіреді? Технологиялық алыптардың Вашингтонға лоббилік етіп жатқанын көрсетеді. Әсіресе, Tesla басшысы Илон Масктің ықпалы басым. Себебі, ол президенттің кеңесшісі әрі үкіметтің нәтижелілік департаментін басқарады.

Технологиялық алыптардың лоббилігі мен оларға деген мемлекеттің көңіл бөлуі инновациялық жүйенің әлсіздігін білдірмейді. Себебі, алыптардың өз арасында бәсекелестік өте жоғары деңгейде. Қазір OpenAI компаниясының өнімі – ChatGpt америкада ғана емес әлемде көшбасшы. Бірақ 18 ақпанда Илон Масктің xAI стартапы Grok 3 чат бот моделін ұсынды. Оның сөзінше Grok 3 – әлемдегі ең ақылды чат бот. Grok-тың алдыңғы модельдеріне қарағанда функционалды. Алайда, сарапшылар ChatGpt-мен салыстырғанда әлсіздеу деп бағалауда. Дегенмен, осы модельді жасап шығарғанның өзі АҚШ-та бәсекелестік жоғары деңгейде екенін көрсетеді.

Екі алып арасындағы бәсеке тек технологиялық сипатта жүріп жатқан жоқ. Биыл Илон Маск OpenAI компаниясын сатып алуға ниеті бар екенін мәлімдеді. Ол үшін 97 млрд АҚШ долларын беруге дейін. Бірақ OpenAI басшысы С.Альтман одан бас тартты. Оның қарсыласуы қанша уақытқа созылатыны белгісіз. Себебі, Масктің Twitter сияқты ірі компанияны сатып алу тәжірибесі бар.

Қазір бұл екі компаниядан бөлек өзгер де ЖИ-ді дамытуға күш салуда. Мұндай қатаң бәсекелестік міндетті түрде АҚШ-тың әлемдегі көшбасшылығын нығайтады.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





НАРЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

«НАУБАЙШЫ ШЕБЕРЛІГІ»
орталығы ашылды

Алматы мемлекеттік бизнес колледжінде «Наубайшы шеберлігі» құзыреттілік орталығының ашылу салтанаты өтті.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Бұл орталық – жұмысшы мамандықтарды дамыту және нан пісіру саласындағы кәсіби білім беру сапасын арттырудағы маңызды бастаманың бірі. Орталық оқу, тәжірибе алмасу, сондай-ақ, нан пісіру ісінде инновациялық технологияларды енгізудегі жаңа платформа саналады.

Сонымен қатар, колледж «Жас маман» республикалық жобасына қатысу арқылы материалдық-техникалық базасын жаңартып, студенттерге заманауи құрылғылармен жұмыс



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

істеуге мүмкіндік беріп отыр. Аталған орталықта студенттер тек теориялық

білім алып қана қоймай, халықаралық стандарттарға сай жабдықтарда тәжірибе жүзінде жұмыс істей алады.

Қазіргі таңда колледждің материалдық-техникалық базасы жаңартылып, кәсіби жабдықтар енгізілген. Орталықтың негізгі мақсаты – нарықтың қазіргі талаптарына сәйкес келетін жоғары білікті мамандарды даярлау. Сонымен қатар, студенттердің біліктілігін арттыру, жұмыс берушілермен бірлесе жаңа технологиялар мен рецептуралар саласында зерттеулер мен әзірлемелер жүргізу. Орталықтың ашылуында белгілі наубайшылар мен кондитерлер шеберлік сыныптарын өткізіп, тәжірибелерімен бөлісті.

КӘСІПКЕРЛІК

БИЗНЕС ИДЕЯЛАР ЖАРЫСЫ

«Tamos Education» мектебінде АМАНАТ партиясының қалалық филиалының қолдауымен «ЖАС КӘСІПКЕР» олимпиадасы өтті.

Бұл іс-шара Ұлттық бизнес және кәсіпкерлік білім беру бағдарламасы аясында ұйымдастырылып, алматылық мектеп оқушыларының кәсіпкерлікке деген қызығушылығын арттыруды мақсат етті. Олимпиадаға «Кемел», «Өркен», «Zerdesh Innovation School», «Tamos Education» және басқа да үздік мектептердің командалары қатысып, өз бизнес идеяларын таныстырды. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде өткен сайыста оқушылар кәсіпкерлік дағдыларын көрсетіп, өз жобаларын қорғады. Жеңіске жеткен оқушыларға ақшалай жүлде қорлары бөлінді. Сондай-ақ, іс-шараға жетекші сарапшылар мен кәсіпкерлер, Алматы қаласы мәслихатының депутаттары да қатысып, болашақ жас кәсіпкерлерге қолдау білдірді.

Жас кәсіпкерлер олимпиадасы жастарды бизнеске баулу арқылы елімізде болашақ бизнес өкілдерінің қалыптасуы үшін үлкен серпін берері анық.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Гүлжан БЕКЕНОВА,
Алматы қаласы мәслихатының депутаты:

ЖАСТАРДЫҢ КӘСІПКЕРЛІККЕ
ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ОЯТАДЫ

Бүгін біз ерекше бір маңызды іс-шараның куәсі болып отырмыз. Бұл олимпиада – оқушылардың кәсіпкерлікке деген қызығушылығын оятатын, олардың тәжірибе алмасуына мүмкіндік беретін үлкен алаң. Жас кәсіпкерлерге бағыт-бағдар беру – өте өзекті мәселе. Себебі, еліміздің болашағы – жастардың қолында. Қазіргі таңда жаңа, тың идеялардың басым бөлігі жастардан шығып жатыр. Сондықтан мұндай бастамалар олардың ой-өрісін кеңейтіп, өз ісін бастауға ын-таландырады деп есептеймін.

Әзірлеген Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ

СЕМИНАР

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ

Инновациялық әдістер мен тәжірибелер талқыланды

Алматыдағы №2 мемлекеттік гуманитарлық-педагогикалық колледжінің базасында қалалық әдістемелік семинар өтті.

Ернұр
РЫСБАЙ

табысты енгізудің практикалық мысалдарын көрсетті. Семинардың практикалық бөлімі педагогтарға білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік беретін заманауи цифрлық құралдармен танысуға жағдай жасады. Талқылау барысында қатысушылар ғылыми-әдістемелік жұмысты жүйелі ұйымдастырудың маңыздылығын, педагогикалық ше-

берлік мектебінің тиімділігін және жасанды интеллектінің оқу үдерісіне интеграциясын талқылады. Алматы қаласының ғылыми-әдістемелік орталығы ТжКББ бөлімінің басшысы Г.Сүлейменова бұл семинар педагогикалық тәжірибе алмасудың өзектілігін көрсететінін және білім беру саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға ықпал ететінін атап өтті.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бибі ДУАНАБАЕВА,
Алматы мемлекеттік гуманитарлық-педагогикалық колледжінің директоры:

КӘСІБИ ДАМУҒА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ОРТА

Біз жыл сайын ақпан айында білім саласындағы ең өзекті тақырыптар бойынша қалалық семинарлар өткіземіз. Биылғы іс-шарамыз да бұл дәстүрден тыс қалған жоқ, біз педагогикалық шеберлік мектебінің жұмысын ұйымдастыру және жасанды интеллектіні оқу процесіне интеграциялау тақырыптарын талқыладық. Колледждегі ғылыми-әдістемелік жұмыс жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Оның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын педагогикалық шеберлік мектебі инновациялық жобаларды үйлестіріп, колледж оқытушыларының озық тәжірибесін таратуда маңызды рөл атқарады. Бұл жаңа құрылым емес, бірақ біз оны мазмұндық тұрғыдан толықтырып, педагогтардың кәсіби дамуына ықпал ететін ортаға айналдырдық. Біз жасанды интеллектіні білім беру процесіне енгізу тәжірибесімен бөлісуді мақсат етіп отырмыз. 2022 жылы ғана өмірімізге енген бұл технология қазір барлық салада кеңінен қолданылады.

ЖАСТАР САЯСАТЫ

ЖАҢАШЫЛ ЛЕП
Мегаполисте биыл 5 комьюнити-орталық ашылады

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар Ақызметінде өткен баспасөз конференциясында алматылық жастарды қолдауға бағытталған ауқымды жобалар туралы айтылды.

Нұржамал
ӘЛІШ

Жалпы, мегаполисте 14–35 жас аралығындағы 695,6 мыңнан асатын жас тұрады. Іске асырылып жатқан жобалар туралы толығырақ Жастар саясаты басқармасының басшысы Әзиз Қажденбек айтып берді. Спикердің айтуынша, қала әкімдігі төрт негізгі бағытта белсенді жұмыс істеуде. Олар: білім беру және жұмыспен қамту, жастарға арналған инфрақұрылымды дамыту, мәдени және спорттық іс-шараларға тарту, сондай-ақ жаңа жатақханалармен қамтамасыз ету.

Биылғы негізгі басымдық – табысты жобаларды кеңейту және жаңа бастамаларды іске қосуға беріледі. Жастар саясаты басқармасы қазірдің өзінде «ALMA CUP» спорттық турнирі, «Jas Gala – 2025» шығармашылық фестивалі және «IQ-ALA jastary» интеллектуалдық жобасы сияқты маңызды бағдарламаларды жүзеге асыруда. Сонымен қатар, «Антикоррупциялық волонтерлік» және «Саналы ата-ана мектебі» сияқты жастардың әлеуметтік мүмкіндіктерін

кеңейтуге бағытталған жаңа жобалар қолға алынбақ. Сонымен қатар, биыл 5 комьюнити-орталық ашылады. Олар білім беру және мәдени бастамалар алаңына айналмақ. Ал 6 мың орынды жаңа студенттік жатақханалар студенттердің баспана тапшылығын айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әзиз ҚАЖДЕНБЕК,
Жастар саясаты басқармасының басшысы:

Жұмысшы мамандықтары –
маңызды бағыт

Биыл жүзеге асырылатын жобалар саны 56-ға дейін ұлғаяды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 10 жобаға артық. Маңызды бағыттардың бірі – жұмысшы мамандықтарды және отандық өнерді насихаттау, оның ішінде қысқаметражды фильмдер түсіру және «Ашық аспан астындағы кино» жобасын іске асыру.



ӘКІМ

ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЖОЛЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Медеу ауданының тұрғындарымен кездесті

Шаһар басшысы кездесу барысында тұрғындарды алаңдататын сұрақтарға жауап беріп, ауданға қатысты жоба-жоспарлармен бөлісті.

САПА МЕН ТИІМДІЛІК

Ерболат Досаев Медеу ауданының денсаулық сақтау инфрақұрылымын жақсарту бойынша қандай жұмыстар жүргізіліп жатқаны туралы айтып берді. Қала басшысы осы жылдың наурыз айында №2 қалалық мамандандырылған балалар үйінің ғимаратын күрделі жөндеу бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын аяқтау жоспарланып отырғанын хабарлады. Күрделі жөндеу аудан тұрғындарының сапалы медициналық қызметтерге қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында жүргізілуде. 2024 жылдың мамыр айында 1 млрд теңге бөлініп, жұмыстар басталды. Оған қоса, маусым айында жедел жәрдем жүйесін жаңарту аясында ескісін бұза отырып, №4 жедел жәрдем қосалқы станциясының жаңа ғимаратының құрылысы аяқталады. Бұл медициналық қызметтің сапасы мен тиімділігін арттырады. Алматыда денсаулық сақтау инфрақұрылымын жаңғыртуды қаржыландыру 2025 жылы 2,6 есе – 69,4 млрд теңгеге дейін ұлғайтылған.

50 МЫҢ ТҰРҒЫН СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛДІ

Алматы қаласы әкімінің айтуынша, ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру аясында бұрын-соңды су мен кәріз болмаған шалғайдағы шағын аудандар қамтылған. Мәселен, осы жылдың наурыз айында «Каменское плато» шағынауданының батыс бөлігіндегі 7 мың тұрғын үшін 50 км сумен жабдықтау және су бұру желілерінің құрылысы басталады. Жұмыстарды аяқтау 2026 жылдың қыркүйегінде жоспарланған. – 2025 жылы «Мұзтау», «Сұлусай», «Атырау», «Алатау», «Кіші Станица» және «Таулы қырат» шағы аудандарында тағы 100 км су құбыры және кәріз желілерінің құрылысы аяқталады, – деп атап өтті қала әкімі.

Маңызды жобалардың бірі – былтыр шілде айында сумен жабдықтаудың резервтік жүйесін іске қосу болды. Бүгінде ол «Самал», «Көктөбе» және «Таулы қырат» шағынаудандарының 50

мың тұрғыны үшін Талғар жерасты суларының кен орындарынан тәулігіне 32 мың текше метр су беруді қамтамасыз етеді. Жалпы, қала әкімінің тапсырмасы бойынша 2025 жылы 260 км жаңа құрылыс салу және 87 км қолданыстағы сумен жабдықтау және су бұру желілерін жаңғырту жоспарланған.

800 ЖАҢА АВТОБУС

Кездесу барысында шаһар басшысы жол және көлік инфрақұрылымын дамыту жұмыстары туралы айтып өтті. Қала басшысы 2024 жылы ұзындығы 23 км 26 көше орташа жөндеумен қамтылғанын хабарлады. Биыл 25 көшеде тағы 23,7 км жолға орташа жөндеу жұмыстары жоспарланған. Медеу ауданында көше-жол желісінің сапасын арттыру үшін өткен жылы 64 мың шаршы метр жол жабыны қалпына келтірілген, 30 көшеде 14,3 км тротуар және 10 км арық желілері салынған. Осы жылы 73 мың шаршы метр жол жабыны жөнделеді және 9 көшеде 36 шақырымнан астам жаңа тротуарлар салынады. Сонымен қатар, 18 көшеде 5 шақырымға жуық арық желілері салынып, бірқатар қосымша жұмыстар орындалмақ.

Кездесу барысында спикер ауданда қоғамдық көлік қызметтерінің сапасын

арттыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы да хабардар етті. 2024 жылы жылжымалы құрам 300 бірлікке (1569 автобус) дейін ұлғайтылды, бұл 8 жаңа маршрутты ұйымдастыруға, 42 қолданыстағы маршрутты жаңартуға және нығайтуға мүмкіндік берді. 2025 жылғы мамырда жылжымалы құрам 13 маршрут бойынша тағы 44 автобуска ұлғайтылатын болады. Биыл Алматыда қоғамдық көліктің қолжетімділігін арттыру және дамыту мақсатында қала аудандары үшін тағы 800 жаңа автобус сатып алу жоспарланған.

60 АУЛА АУМАҒЫ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТЕДІ

Шаһар басшысының айтуынша, аудан тұрғындарының демалысы мен тынығуына қолайлы жағдай жасау үшін 2025 жылдың сәуір айында «Тереңқұр» аумағының 3,4 гектарын жаңғырту жобасы аяқталады. Жоба тоғанды абаттандыруды, рекреациялық аймақтарды, балалар мен спорт алаңдарын құруды қамтиды.

– 2025 жылдың мамыр айында Құрманғазы көшесінен әл-Фараби даңғылына дейін Достық даңғылының «қасбеттен қасбетке дейін» және Райымбек батыр даңғылынан Гоголь көшесіне

дейін Пушкин көшесін кешенді абаттандыру бойынша ауқымды жұмыстарға кірісеміз. Осы жобалар аясында жол жабыны жаңартылады, веложолдар, спорттық және серуендеу аймақтары жабдықталады, сондай-ақ аумақты кешенді көгалдандыру жүргізіледі, – деді әкім.

Сондай-ақ, 2025 жылы «Халық қатысатын бюджет» аясында тағы 34 жобаны іске асыруға 2 млрд теңге бөлінген. Осы жылдың сәуір-қыркүйек айлары аралығында 17 аула аумағын, 13 қоғамдық кеңістікті абаттандыру және 4 учаскеде автосуару жүйелерін монтаждау жоспарланған. Ал 2024 жылы тұрғындардың белсенді демалысы үшін қолайлы қалалық орта мен жағдай жасау үшін 60 аула аумағын күрделі жөндеуге жобалық-сметалық құжаттама әзірленді. Жөндеу жұмыстары 2025 жылдың сәуірінде басталады. Жоба аясында заманауи воркаут-аймақтар, балалар және спорт алаңдарын салу көзделген. Бұл мақсаттарға 2,8 млрд теңге бөлінді. Жұмыстарды аяқтау ағымдағы жылдың қазан айына жоспарланған.

КӨШКІН ҚАУПІ БАР 82 УЧАСКЕ ЗЕРТТЕЛДІ

Медеу ауданының тұрғындарымен кездесуде Алматы қаласының әкімі тау бөктеріндегі көшкіндердің алдын алу бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы хабарлады. Осы мақсатта Медеу ауданында 2024 жылы 82 учаске егжей-тегжейлі зерттелген.

– Медеу ауданының тау алаптары тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінеді. Өткен жылдың қазан айында қала резервінен 1,5 млрд теңге бөлініп, 17 тұрақсыз учаскені нығайту басталды. Жұмысты биыл жазда аяқтау жоспарланып отыр, – деді Ерболат Досаев.

Бұдан бөлек, 28 жер телімінің иелеріне топырақтың шайылуын болдырмау және су бұру қажеттілігі бойынша сарапшылардың ұсынымдары берілген. Тағы 16 учаскеде топырақтың бұзылуын, рельефтің деформациясын және ықтимал көшкіндерді болдырмау мақсатында жұмыстар жүргізіліп жатыр. Оған қауіпті құрылыстарды сүру, жер телімдерін сатып алу және оларды бекіту шаралары кіреді.

Әзірлеген
Досбол АТАЖАН.

КЕРЕК ДЕРЕК

- Алматыда жаңа перзентхана мен жедел жәрдемнің қосалқы станциясы салынады.
- Медеу ауданындағы балалар үйінің ғимаратын күрделі жөндеу осы жылдың наурыз айында аяқталады.
- 2025 жылы ауданда ірі инфрақұрылымдық жобаны іске асыру басталады, 100 шақырым инженерлік желі салынады. 25 көше жолдары орташа жөндеуден өткізіледі.
- Ауданның қоғамдық көлік жылжымалы құрамы 13 маршрут бойынша 44 автобуска ұлғаяды.
- Екі мектеп күрделі жөндеуден кейін келесі оқу жылында пайдалануға беріледі, 2025 жылдың соңына дейін 10 балабақша ашылады.
- Алматыда «Тереңқұрды» модернизациялау осы жылдың сәуір айында аяқталады. Өзен арналары бекітіліп, тау соқпақтары көркейтіліп жатыр. Достық даңғылы мен Пушкин көшесі 2025 жылы абаттандырылады.
- Ауданда 65 км кабельдік желі ауыстырылып 10 мың жаңа шам орнатылды, бірқатар бау-бақша серіктестіктері алғаш рет көше жарығымен қамтамасыз етіледі.
- Алматыда әлемнің ірі мегаполистерінің үлгісі бойынша шығарындылары төмен аймақтар құру жоспарлануда. Ауа сапасын жақсарту үшін халықаралық тәжірибе қолданылады.
- Қаланың жаңа Конгресс орталығы мемлекеттік меншікте болады.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНА – 30 ЖЫЛ

ЖАС САЯСАТКЕРЛЕР МЕКТЕБІ

Алматы қаласы Мәслихаты мен Алматы қаласының Жастар саясаты басқармасының қолдауымен, Қазақстан халқы Ассамблеясының республикалық жастар ұйымының ұйымдастыруымен «Қайраткер» жас саясаткер мектебінің салтанатты ашылуы өтті.

Жас саясаткерлерге арналған мектептің ашылуында Алматы қаласы Мәслихатының төрағасы Мейіржан Отыншиев сөз алып, жобаның маңыздылығын атап өтті. Спикер ел үмітін ақтар жастардың мемлекеттің дамуына қосар үлесі ерекше екеніне маңыз берді. Қоғамдық кеңес мүшесі Бекнұр Қисықов пен Мәрлен Рысбеков қоғамдық жұмыстарға атсалысып, белсенділік танытып жүрген жастарға ризашылықтарын білдірді.

Бір айға жоспарланған мектепте жас саясаткерлер Мәслихат депутаттарымен, саясаткерлермен, белгілі қоғам қайраткерлерімен және PR-мамандарымен мотивациялық тренинг-кездесулер өткізетін



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

болады. Саяси процестердің негіздерін, өкілді органдардың қызметін және қоғаммен тиімді жұмыс істеу әдістерін меңгереді. Қорытынды кезеңінде жас саясаткерлер құрамында Мәслихат депутаттары бар комиссия алдында депутаттық сауалдарын қорғайды. Мектепті аяқтаған соң, барлық қатысушыларға диплом беріледі. Ал ерекше көзге түскен жастар Алматы қаласы Мәслихаты депутаттарының қоғамдық көмекшісі ретінде үш ай бойы жұмыс істейді.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мейіржан ОТЫНШИЕВ,
Алматы қаласы Мәслихатының
төрағасы:

ЖАСТАР ҚОҒАМЫМЫЗДЫҢ
ДАМУЫНА ЖАҢА СЕРПІН
БЕРЕДІ

Мектептің басты мақсаты – жастардың саяси сауаттылығын арттыру, Отанға деген сүйіспеншілікті нығайту және мегаполистің қоғамдық өміріне белсенді қатысуына жағдай жасау. Бұл мектеп тек білім беріп қана қоймай, депутаттармен және қоғаммен тікелей жұмыс істеу тәжірибесін де ұсынады.

Алматы – жастар қаласы. Осы жоба аясында саясаттан алғашқы кәсіби білім алып, тәжірибе жинақтаған жастар болашақта еліміз бен қоғамымыздың саяси дамуына жаңа серпін береді деп сенемін.

ӘБІЛФАЙЫЗ ҰДЫРЫСОВ – 95

ҰЛТТЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА МЭТРИ

Қазақ баспасөзін безендіру ісінің негізін
қалаған тұлға ұлықталды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Журналистика факультетінің Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының ұйытқы болуымен қазақ баспасөзін безендіру ісінің негізін қалаған көрнекті ғалым, жазушы, публицист, профессор Әбілфайыз Ыдырысовтың 95 жылдығы аясында дәстүрлі «Ыдырысов оқулары» және «Цифрлы трансформация жағдайындағы кітап ісінің баспа технологиялары мен бизнес-модельдері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Рая
ЕСКЕНДІР

Алдымен республиканың түкпір-түкпірінен келген қонақтар Ә.Ыдырысовтың өмірі мен шығармашылығына арналған кітап және фотокөрмемені тамашалады. Қазақ журналистикасының дамуына еселеп үлес қосқан ғалымның, ұлы ұстаздың адамгершілігі, асыл қасиеті туралы жүрекжарды лебізін білдіру үшін конференцияға республиканың жетекші жоғары оқу орындарының белгілі ғалымдары, баспалардың, дизайнерлік орталықтардың өкілдері, университет оқытушылары мен студенттері қатысты. Алғашқы сөз кезегін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Ж.Түймебаев алып, ұлы ұстаздың жарқын бейнесін еске салды. Спикер көрнекті ғалымның 800-ден астам публицистикалық мақала, очерктер, оқулықтар дайындап, мемлекет және қоғам қайраткері ретінде қоғамның өзекті мәселелерін көтергеніне маңыз берді.

Келесі кезекте «Ыдырысов байқауы» жүлдегерлерінің есімі белгілі болып, республикалық басылымдарда түрлі тақырыптарда қалам тербеп, мақаласы жарық көрген Журналистика факультетінің үздік студенттері марапатталды. Үздік жастарға диплом, сертификат, Алғыс хат пен стипендияны мемлекет қайраткері, дипломат Ерлан Ыдырысов пен Баспа-редакторлық және дизайн өнері кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор Айгүл Рамазан табыс етті. Қара шаңырақта бірге еңбек еткен филология ғылымының докторы, профессор, «Абай» ғылыми-зерттеу институтының директоры Жанғара Дәдебаев қайраткер қаламгер туралы баяндама жасап, Әбілфайыз Ыдырысовтың ең алдымен жазушы және публицист екенін атап өтті.

Жиынға Астанадан тікелей қатысып



отырған ҚР Парламенті Сенатының депутаты, журналист Нұртөре Жүсіп, ғалымдар Қансейіт Әбдезұлы, Кәкен Қамзин, Өмірхан Әбдіманұлы, ҚР Ұлттық кітап палатасының директоры, Баспагерлер, полиграфистер және кітап таратушылар қауымдастығының президенті Әділ Қойтанов және тағы басқа да тұлғалар сөз алды.

Сонымен қатар, Әбілфайыз Ыдырысовтың туғанына 95 жыл толуына арналған



«Цифрлы трансформация жағдайындағы кітап ісінің баспа технологиялары мен бизнес-модельдері» атты жинақтың тұсауы кесілді. Конференция барысында «Отандық кітап шығару ісіндегі баспа жобалары: негізгі модельдер», «Цифрлық технологияның полиграфиялық қызметке әсері» және «Цифрландыру жағдайындағы кітап дизайны эволюциясы» атты күрделі мәселелер талқыланды. Бұл жиын

журналистиканың қара нары атанып, еліміз тәуелсіздік алған сәттен бастап өз еңбектері арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеген ғалымның аты өшпейтінін дәлелдеді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры:

Мыңдаған шәкірт тәрбиелеген ұстаз

Әбілфайыз Ыдырысов – бүгінде қолына қалам алып, қазақ журналистикасының көсегесін көгертіп жүрген көптеген журналистердің ұстазы. Менің ұстазым Зейнолла Қабдолов филология, ал Әбілфайыз аға Журналистика факультетінде дәріс оқып, мыңдаған шәкірт тәрбиеледі. Ғұлама ғалымның, публицист-ұстаздың шәкірттері бүгінде еліміздегі газет-журналдар редакцияларында, телевизия мен радиода, баспа саласында жемісті еңбек етіп жүр. Соңында қалған мол мұрасы, ғылыми зерттеулері қазақ баспасөзінің тарихын жүйелеуге, баспасөз мәдениетін көтеруге, журналистиканың сапасын арттыруға зор ықпал етті. Сонымен бірге, ұстаздықпен қатар факультет деканы қызметіне дейін көтеріліп, өз заманында әділ әрі жауапты басшы болды. Осындай ұстаздан дәріс алып, шапатын көрген сіз бен біз бақытты жандармыз.

ЖАСТАРМЕН ЖҮЗДЕСУ

Сенатор дәрісі:

ТАҒЫЛЫМ
МЕН ТӘЛІМ

Нағхоз университетінде Парламент Сенаты Төрағасының орынбасары, 2-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі, заң ғылымының кандидаты Жақып Қажманұлы Асановтың Құқық және мемлекеттік басқару мектебі студенттеріне дәрісі өтті.

Жастардың саяси мәдениеті мен құқықтық, философиялық көзқарастарын қалыптастыруға ықпал еткен дәрістің берер білімі, көтерер жүгі салмақты. Спикер заң саласындағы ең алғаш тәжірибесінен бастап, толысқан, орныққан кемел жасқа дейінгі кәсіби портфолиосын білім, білік және дағды атты ұштағанға тоғыстырды. Дәріске тиек болған тезис – жас адамның өмірлік мақсаты мен болашақ қызмет траекториясын саналы түрде саралап, талғап, оның мүмкіндіктері мен қарым-қабілетін бағалау. Бұл тұрғыда, спикердің тұжырымдауынша, «нағыз көшбасшы – тек процесті және адамдарды басқаратын адам ғана емес, ең алдымен, өзін-өзі басқарып, болашақты құра алатын тұлға» болуы тиіс.

Қазіргі мемлекеттік басқару бірқатар сын-тегеуріндермен бетпе-бет келуде деп атап өткен спикер бірнеше тұжырымдар ұсынды. Соның ішінде мемлекеттік органдардың жұмыс тиімділігін арттыру, цифрлық технологияларды енгізу, халықпен өзара іс-қимылды жақсарту және шешім қабылдау үдерісінің ашықтығын қамтамасыз ету мәселелері ерекше орын алды. Бүгінгі таңда мемлекеттік менеджмент мамандардан басқарудың заманауи құралдарын, табысты тәжірибелерін, сондай-ақ тұрақты мемлекеттік институттарды дамытуға ықпал ететін стратегиялық тәсілдер туралы терең білімді талап етеді.

Дәрісті ынта-ықыласпен тыңдаған болашақ заңгер, саясаткер, дипломат мамандар дәріскердің сұрақтарына жарыса жауап беріп, өздерін толғандырған сауалдарын қойып, әңгіме интерактивті үрдісте өрбіді. Жақып Асанов өз дәрісінде студенттерге, оқытушы-профессорларға құқықтық жүйе, басқару және реформалар туралы терең түсінік беріп, олардың болашақ кәсіби дамуына құнды үлес қосты.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Индира ХАСАНОВА, студент:

Үш қағида: төзім, білім
және ізденіс

Өте пайдалы, ақпаратқа толы және қызықты дәріс болды. Спикердің күрделі жағдайларды қарапайым түсіндіріп, оны күнделікті өмірдің бір бөлігі ретінде айтуы ұнады. Бізге ұсынған үш қағида соншалықты қиын емес, бірақ оған төзім, білім және ізденіс керек. Мәселен, жаңа істі бастағанда бір ғана ең маңызды мәселеге ден қою қажет. Өз ортаңнан кәсібін адал игерген мамандарды қолдап, командалық жұмыстарға жұмылдыра білу маңызды. Сондай-ақ, озық технологияларды үйрену және тиімді пайдалану да – ұтқырлық көзі. Бұл бағдарлар менің оқу мен болашақ мамандығыма деген көзқарасымды өзгертті. Енді мен басты нәрсеге назар аудару қағидасын күнделікті өмірімде қолданым келеді, сондай-ақ мүмкіндіктерім мен айналадағы адамдарға мұқият болуды үйренуім қажет.

Әсел ҚҰРМАНҚҰЛОВА, студент:

Мен үшін терең зерттейтін
кейс болмақ

Дәрістен табандылық пен үздіксіз білім алудың тағылымдық үлгісі мен іскерліктің, мықты басшының болмысын таныдым. Әсіресе, Жақып Асановтың сот жүйесіндегі тиімді жүргізген реформалары мен үшін терең зерттейтін кейс болмақ. Сондай-ақ, спикердің қылмыстық жазаларды ізгілендіру мен түрме тұрғындарының санын азайту бағдарындағы тәжірибесін зерделеген маңызды. Бұл қоғамдағы әлеуметтік әділеттіліктің көрінісі әрі нәтижесі.

Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА.



Алматы колледждері:

ЕУРОПАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ

жаңа технологияларды меңгеруге жол ашады

Жұмысшы мамандықтары жылы мегаполис колледждері еңбек нарығына қажет білікті мамандарды қалай даярлауда? Жастарды аталған мамандықтарға тартуда, мамандықты дәріптеуде қандай шаралар қабылданып жатыр? Орта арнаулы оқу орындарында дуальды оқыту қалай жүргізілуде?

Айнабай
МӘДИ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында, міне, осындай маңызды мәселелерге байланысты шаһарымыздағы кол-

ледж басшылары мәлім етіп, тілшілер тарапынан қойылған сауалдарға жауап қайырды.

Алматы технологиялық колледжінің директоры Ерұлан Қарағұлов, Архитектура, дизайн және инженерия колледжінің директоры Камал

Жамангөзов, Алматы көпсалалы колледжінің директоры Асылхан Бейсетбаев мегаполис колледждерінің бүгінгі жай-күйіне тоқталып, оқытушыларының Еуропа елдерінде тәжірибеден өтіп жатқанын, ел экономикасын дамытуда техникалық және кәсіптік білім берудің маңызын атап айтты. Соңғы 20 жылда еліміздегі колледждер түрлі салада 3 миллионнан астам маман дайындапты.

Арнаулы оқу орындарының басшылары Алматыда индустриялық оқу-өндірістік кластер



Суретті түсірген Самат Құсайын.

құру, жұмыс беруші, жоғары оқу орны, колледж, мектеп пен мемлекеттік органдар бірігіп, бизнес, техникалық және кәсіптік білім мен жоғары білім арасында синергетика алаңын құрудың қажеттігіне баса мән берді. Түйін біреу: «кластер –

түлектерді тәуелсіз аттестациядан өткізуге, оқытушылардың біліктілігін бағалауға берілген мүмкіндік. Колледждердің барлық мүдделі тараптың талабына жауап беретін жұмыс тәртібінен даму тәртібіне көшетін кезі келді».

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ерұлан ҚАРАҒҰЛОВ,
Алматы технологиялық колледжінің директоры:

Оқу үдерісіне бизнесті белсенді тартуда

Колледжіміз бүгінде WorldSkills және ECVET стандарттарын ескере келе, жаңа білім беру бағдарламасын қолға алды. Сонымен бірге, дуальды оқыту енгізілуде. Дуальды оқыту жүйесімен қаладағы 12 ірі кәсіпорында 444 студент білім алады.

Колледж корпоративтік мәдениетке, инновациялық менеджментті жүзеге асыруға назар аударып, оқу үдерісіне бизнесті белсенді түрде тартуда. Сонымен бірге, оқушыларымыз қалалық кәсіпорындарда, оқытушыларымыз шетелдерде өндірістік тәжірибеден өтуде.

Бұл бастама мақсаты – жұмысшы мамандығының беделін көтеріп, қазақстандық техникалық білім беруді халықаралық стандартқа сәйкестендіруге бағыттай.

Камал ЖАМАНГӨЗОВ,
Алматы архитектура, дизайн және инженерия колледжінің директоры:

2600 маман даярлау жоспарлануда

Біздің колледж осы кезге дейін түрлі экономика саласында сұранысқа ие 50 мыңға жуық маманды даярлады. Осы күні оқу орында мемлекеттік тапсырыспен 820 студент білім алады. Соның 35 пайызы оқуын Алматыдағы жетекші компанияларда тәжірибелік жұмыспен ұштастыруда.

Оқу орны тиімділігінің маңызды көрсеткішінің бірі – түлектерді жұмысқа орналастыру деңгейінің жоғары болуы. 2023 жылы студенттердің 84 пайызы жұмыспен қамтылса, 2024 жылы бұл көрсеткіш 88 пайызға дейін өсті. Колледж шағын және орта бизнестің 65-тен астам кәсіпорнымен белсенді түрде ынтымақтастық орнатқан. Бұл студенттердің практикалық білім алуы мен әрі қарай жұмысқа орналасуына мүмкіндік береді.

«Жас маман» жобасы аясында колледж құны 170 миллион теңгеден астам заманауи құрал-жабдықтарға ие болды. 2023 жылы «Технониколь» құрылыс академиясымен бірлесіп, 120 миллион теңге инвестиция тартылған халықаралық құзырет орталығы ашылды. «Технониколь» компаниясы жыл сайын оқу процесіне қажетті шығын материалдарына шамамен 12 млн теңге бөледі. Орталық ашылғаннан бері 2320 адам қысқамерзімді оқудан өтті, ал 2025 жылы кемінде 2600 маман даярлау жоспарлануда.

Асылхан БЕЙСЕТБАЕВ,
Алматы көпсалалы колледжінің директоры:

Құзырет орталығы құрылды

Колледж жұмыс берушілермен форсайт сессиясын жүргізуде. Соның нәтижесінде білім беру бағдарламасын жаңарту, сала мамандарын тарту, дуальды оқытуды дамыту, кадрларды мақсатты оқыту кеңейтілуде. Көлік секторы, IT индустриясы, жиһаз өндірісі, тоңазытқыш пен компрессорлық машина мамандары тәрізді аса сұранысқа ие салаларға ерекше назар аударылуда.

Қала әкімшілігінің қолдауы колледжге көлікке техникалық қызмет көрсету, тоңазытқыш қондырғы, жиһаз өндірісі мен IT дизайн сынды төрт бағытта жұмыс істейтін студенттік бизнес-инкубатор мен көпсалалы құзырет орталығын құруға мүмкіндік берді. 2024 жылы колледж өзінің әлеуметтік серіктесі DSP орталығының қолдауымен елімізде алғашқы боп жиһаз өндірісі технопаркін ашты. Заманға сай құрал-жабдықпен қамтылған бұл технопарк студенттерге озық технологияны үйрену мен нақты жұмыс жағдайына дайындыққа мүмкіндік беруде.

Өндірістік оқыту шеберлері мен оқытушылардың халықаралық тағылымдамасы аясында колледж Қытай, Малайзия, Оңтүстік Корея, Германия, Түркия елдерінің оқу орындарымен меморандумға қол қойды. Студенттердің академиялық ұтқырлығы бағдарында келіссөздер жүргізіліп, халықаралық білім беру стандарты енгізілуде. Заманға лайық мамандарға деген сұраныс жоғары. Халықаралық ынтымақтастық арқасында студенттеріміз шетелде тағылымдамадан өтіп, жаңа технологияларды меңгеріп, лингвистикалық дағдысын кеңейтуге мүмкіндік алады.

БАҒДАРЛАМА

КЕЛ, ДОС БОЛАЙЫҚ!

«ДосболLIKE» жобасы оқушылар арасындағы буллингтің алдын алуға көмектеседі



Былтыр ҚР Оқу-ағарту министрлігі қолға алған «ДосболLIKE» бағдарламасы биыл да жалғасын тапты. Бұл – мектептердегі буллингке қарсы әрекет ететін және әлеуметтік-эмоциялық ахуалды жақсартуға бағытталған тың жоба.

Нұржамал
ӘЛІШ

Мақсат – білім беру мекемелерінде достық қарым-қатынас, қауіпсіз орта құру үшін оқушылар қауымдастығын біріктіру. Бағдарлама қазіргі күні апробациядан, яғни тәжірибелік сынақтан өтуде. Оған еліміздің 9 өңірінен 50 мектеп қатысуда. Оның ішінде Алматыдан №29, №181 ЖББМ, №6, №110, №200 мектеп-гимназия және №83 гимназия бар. Бағдарламаны іске асыруға 5500-ден астам педагог пен 70 мың оқушы тартылды.

Иә, бұл өзгеше жоба жайдан-жай қолға алынған жоқ. Қазір қоғамда жәбірлеу және әлеуметтік теңсіздік сынды мәселелер жиі кездеседі. Өзін әлдекімдердің қорқытып, үркітіп жүргенін айта алмай, іштен тынып,

үлкен өмірге енді қадам басатын оқушыларға да өз құқығы туралы үйретеді, сөйтіп олар бір-біріне мейірімді, қайырымды болуға ұмтылады деп білеміз.

Бағдарлама аясында бұған дейін өткен ең ауқымды іс-шаралардың бірі – 6152 мектеп пен 2,1 миллион оқушыны қамтыған «ДосболLIKE – достық қолынды ұсын!» республикалық акциясы, сондай-ақ, еліміз бойынша 750 мың оқушы қатысқан «Менің мектебім буллингке қарсы» республикалық флешмобы болды. Осы бастама аясында оқушылар арасында өзара түсіністік пен қолдау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған 16 мың іс-шара өткізілді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Елена СӘКЕНОВА,
«Өркен» балалар әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-тәжірибелік институты» КеАҚ президентінің міндетін атқарушы:

Балалар алаңсыз білім алуы керек

«ДосболLIKE» жобасы балалардың әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын дамытып қана қоймай, білім беру ортасында сапалы өзара қарым-қатынас үшін берік іргетас қалайды. Бұл жай ғана бастама емес, біздің үздік білім беру тәжірибесіне салар инвестициямыз деп білеміз. Яғни балаларымыз ешнәрсеге алаңдамай, білім алуы тиіс. Мұғалімдер мен ата-аналарға арналған семинарлар мен шеберлік сыныптары биыл да жалғасады және жаңаша сипатта өтеді. Биыл буллинг мониторингі мен диагностикасына жаңа тәсілдерді енгізуді, педагогтар мен мектеп психологтарының біліктілігін арттыру жөніндегі жұмысты да жалғастыруды жоспарлап отырмыз.

КЕЗДЕСУ

«БЕЛСЕНДІ ҰЗАҚ ӨМІР СҰРУ СЫРЫ»

кітабының
тұсаукесері өтті

«Думан» ықшамауданындағы №172 мектеп шаңырағында Медеу ауданының «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы ардагерлерінің ұйытқы болуымен Жұмысшы мамандығы жылына арналған іс-шара өтті.

Рая
ЕСКЕНДІР

Аталмыш іс-шараны ашқан Медеу ауданы бойынша «Белсенді ұзақ өмір сүру» жобасының үйлестірушісі Бақтияр Камалов «Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жұмысшы мамандығының рөлі мен маңызы туралы» тақырыбында баяндама жасады.

Ол өз сөзінде Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында



Суретті түсірген автор.

атқарылып жатқан жұмыстардың өзектілігі туралы айтып, жастарды да белсенділікке шақырды.

Жиын барысында Медеу ауданы №32 округі ардагерлерінің төрайымы Гүлнар Сүлееваның жетекшілігімен құрастырылған «Белсенді ұзақ өмір сүру сыры» кітабының тұсауы кесілді. Тұсаукесерге ықшамаудан аумағында тұрып жатқан түрлі кәсіп иелері де шақырылып, олар жастарға мамандықтарының қыр-сырын баяндады, танымдық-тағылымдық бейнеролик көрсетті.

Сондай-ақ, түрлі мамандық бойынша конкурс өткізілді. Байқау жеңімпаздары бағалы сыйлықтарға ие болып, Алғыс хаттармен марапатталды.



1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

ЕЛДІК МҮДДЕ БӘРІНЕН БИІК

Татулық пен ынтымақ – ұлтты ұйыстырудың ұтымды жолы

(Басы 1-бетте)



Асылы ОСМАН,
қоғам қайраткері, «Парасат» орденінің иегері:

ҚАЗАҚ ЕЛІ Сталин жылатқан халықты жұбатты

Қаншама ұлт пен ұлысқа алтын ұя болған бұл қасиетті де киелі мекенде бір атаның баласындай, бір қолдың саласындай күн кешіп жатырмыз. Қазақ елі сонау қиын-қыстау заманда Қазақстанға жер аударылып келген, жадап-жүдеп жеткен қаншама этностарға пана болды. Үйінің екі бөлмесі болса бір бөлмесін, егер жалғыз бөлме болса бұрышын беріп, ас-суымен бөлісті. Сол кездегі кеңестік қызыл империяның әр төңірегінен құқай көргендерді бауырына басты. Міне, сол аш жұрттың қарны тойды, көсегесі көгерді. Кейбірі әбден жетіліп, ауқатты болды. Болып-толып, өз тарихи отандарына да қайтты. Ал оларды осыншама зауалдан аман сақтап, жоқты бар етіп, әлсізді күшті еткен ол – менің алтын жүректі, дос болғанға құшақ жаятын, қиындыққа қасқайып қарсы тұратын да – қазақ жұртым.

Тауқыметте бізге пана болған, оқытып-шоқытып, өсірген – қасиетті ҚАЗАҚ ЖЕРІ. Халық арасында «өткенді ұмытсаң, келешек саған тас атады» дейді. Тегі рас сөз. Әр атқан таң үшін әуелі Жаратқанға, сосын қазақ халқына бейбіт мамыражай күн үшін шүкіршілік ету керек. Бір нәрсені қаперге алайық. Ұлы даланың иесі де, киесі де қазақ екенін ұмытпайық! Қазақтың наны қандай тәтті болса, тілі де сондай шұрайлы. Сондықтан бір Отаннан нан жеп, су ішкендер қазақ тілін де сыйлауға тиіс. Мың жаса қасиетті Отаным – Қазақстаным. Мың алғыс саған, қасиетті Қазақ елім. Ба-сыңнан бақ таймасын, дүние тұрғанша тұр. Әрдайым өсіп-өніп, әлемнің алдында болайық!



Әлімжан ХАМРАЕВ,
ҚХА мүшесі, ф.ғ.д., профессор:

ЕЛДІКТІҢ ТҰҒЫРЫ мәңгі болсын!

Біз осында өсіп-өндік. Оқу оқып, білім алдық. Ғылыми ізденістер жасап, докторлық дәреже қорғадық. Елімізде қашанда еңбек етіп, нәтиже көрсететіндерге есік ашық. Ең бастысы – ақ адал көңіл, еңбекқорлық болса жеткілікті.

Бізге патриот бола түсу қажет. Жастарымызды отаншылдық рухқа тәрбиелей білейік. Хакім Абай «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деп мұқым ел-жұртқа қанатты сөз айтыпты. Айрандай ұйып, бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп келеміз. Бәріне шүкір, тәубе! Ендігі меже осы биікті ұстап тұру. Ұрпақтан-ұрпаққа бейбіт күннің қадірін ұғындырып, айтып тағылым-өнеге көрсете білсек, бізді жау да, дау да алмайды. Ортағасырлық ақындар Сайф Сараи, Ахмет Яссауи бәрі бір ұлылықты – бірлікті жырлаған.

Дүние дүбірлеп, төңірек толқып тұр. Осындай алмағайып шақта, іргеміз берік, бауырымыз бүтін болса, одан артық бақыт жоқ. Біз үшін үлкен шаттық ол отбасының амандығы, бала-шағаның қуанышы.

Алғыс айту күні құтты болсын. Әр шаңырақ берекелі, мерекелі күн кеше бергей.



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.



Светлана АНАНЬЕВА,
ҚХА «Бірлік» алтын медалінің иегері, әдебиеттанушы ғалым:

ӘР АТҚАН ТАҢ шуаққа бөлегей

Елімізде көктемнің алғашқы күні «Алғыс айту күні» болып бекітілген. Қазақ халқының дүниетанымында көктем жердің жіпсіп, жаңа кезеңнің басталғанын аңғартады. Бұдан кейін халықаралық әйелдер күні бар. Бұл да жөні бөлек, әлемге ортақ мейрамдардың бірегейі. Өйткені, әйел – ару, ана, аяулы жар, бауырмал нәзік жанды жаратылыс. Одан кейін «Наурыз» мейрамы жаңа күннің бастауы, жаңа уақыттың келгенін білдіреді. Шығыс халықтары үшін мейрамның қадір-қасиеті өте жоғары. Байқап қарасаңыз, адамдарға көктем түлеудің, өркендеудің бастауы болып сезіледі. Осы айда бәрі бір-біріне алғыс айтып, келеңсіздікті ұмытып, адамдар жаңа өмірге қадам басады. Әдетте, бұл мезгілді адам өмірінің жастық кезеңіне балайды. Демек, әр сәтті адамзат жақсылыққа бұрып, хал-қадірінше құрметтей білсе, нұр үстіне нұр.

Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерейтойы аясындағы бар игі іс 1 наурыз – Алғыс айту күнінен басталмақ. Бұл да өз кезегінде ынтымақ пен ауызбіршілікті дәріптеудің айрықша көрінісі десек болады. Сондықтан жанұяда, қоғамдық ортада, ғылымда, ғұмыр жолымызда бір-бірімізге алғыс, лебіз айтып, мәдениетіміз арта берсе екен.

Қазақстан халқын Алғыс айту күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Мерейіміз үстем болсын!



ЛЕБІЗ

ҚАСТЕРЛІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

салтанат құрған елімізге құрмет те шексіз



Тәуелсіз Қазақстан 130-дан астам этносты бір құшағына сыйғызып, бейбіт аспанның, бір тудың астына біріктіріп, жайлы өмір сыйлап отыр. Қаншама ұлт өкілі өмір сүріп жатса да, елімізде тыныштық, татулық, достық сияқты қастерлі құндылықтар салтанат құрып тұрғанын мақтанышпен айта алатынымыздың өзі үлкен мәртебе.



Нұржамал
ӘЛІШ

Бүгінде қай этнос болсын, бәрі де елімізде қалаған жұмысымен айналысып, өз тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін сақтап, өркендете алады. Құшағы ыстық, пейілі кең қазақ елі ешкімді кеудесінен итермек емес. Себебі, бұл біздің бабамыздың қанымен келе жатқан ірі қасиет. Сондықтан бізді мекен етіп жатқан басқа этнос өкілдерінің өсіп, өніп, көктеп отырған жеріне алғыс білдіруі орынды. Алғыс айту күні жақындап келеді. Жылы сөз, ілтипат, түзу пейіл адам жанын нұрға толтырады, жақсылықтарға бастайды. Қазақ жеріне әрдайым ыстық ықыласын білдіруден тартынбайтын жаны ізгі жандардың қатарында алматылық отандасымыз, күрд диаспорасының көрнекті өкілі, меценат, қоғам қайраткері Рафик Якубоглы Мирзоев та бар. Ол бірнеше тілді меңгерген, соның ішінде қазақ тіліне де жетік.

Сондай-ақ, ол көпмәдениетті, көпэтносты мемлекетіміздегі конфессияаралық және этносаралық келісімді нығайту жолында үнемі азаматтық ұстанымын білдіріп, мегаполисте өтетін мәдени-рухани кештердің, қайырымдылық іс-шаралардың белортасынан табылып жүреді.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Рафик МИРЗОЕВ,
«Құрмет» орденінің иегері, меценат, қоғам қайраткері:

МЕН БАҚЫТТЫМЫН!

Қазақстан халқының, қазақ ағайындардың ортасында өмір сүріп, осы елден өз орнымды тапқанамыз ризамын. Маған ғана емес, талай этносқа құтты қоныс, жылы ұя болып отыр. Бәріміз бейбіт тақмен таласа тұрып, өз тірлігімізбен алаңсыз айналысып, кешке шаңырағымызға аман-есен оралудың өзі бір бақыт. Ал ешкіммен араздаспай, жайлы, толыққанды өмір сүру – мың бақыт. Осынау тыныш өмірдің арқасында Қазақстан өсу, өркендеу жолынан таймақ емес.

Біздің Қазақстан халқы Ассамблеясы елімізде орын алған төтенше жағдайлардан ешқашан сырт қалған емес. Барлық этнос біріге кетіп, суға кеткен аймақтардағы отандастырымызға үй салып беруге көмектесті. Осынау сын сағаттарда көпбалалы отбасылардың, мүмкіндігі шектеулі жандардың, қарттардың жанынан табыла білдік. Біздің бірлігіміз, ниетіміз осындай сәттерде көрінеді. Біз өзіміз де осылайша көптің алғысын арқалап жүрміз. Алғыс айту күн бізді бұрынғыдан да жақындастыра түседі деп ойлаймын.



АЛМАТЫ ЖӘНЕ АЛМАТЫЛЫҚТАР

КӨКТЕМДІ САҒЫНЫП ЖҮРСІЗ БЕ?

Қардың көбесі сөгіліп, қыстың құрсауынан босаған кең дүние кеңдігін танытып жатыр. Жыл-ғалар суға толса, жан-дүниеміз нұрға толды. Тылсым табиғатпен бірге үндескендейміз, жылдың жанға шуақ, көңілге қуат берер маусымының құшағына енгендейміз. Құстың әні – қаланың сәні, осының бәрі қыр астында көктемнің тұрғанын жеткізгендей... «Көктемнің келгені ме, мен білмедім, бойымды кернеді бір жұмбақ сезім, келеді, күле бергім, күле бергім», – деп ақын жырына арқау еткен көктемді біз де сағынып, күтіп жүргендейміз...



Бейбіт ОРАЛҰЛЫ,
композитор:

Көктемге ғашық адаммын

Осы сауал дәл қазіргі көңіл күйіме дәп келгендей. Өйткені, биылғы қыс шаршатып, қалжыратып жіберді. Содан болар, «тезірек көктем келсе екен» деп жүрген жәйім бар. Жалпы, мен көктемді, жазды жақсы көретін адаммын. Сондықтан үнемі көктемді күтіп жүремін. Көктем келсе, төңірек түрленеді. Қыздар құлпырады. Гүлдер құлпырады. Адамдар да бір-біріне жылыұшырап, мейірлене түседі.

Мейірім бар жерде махаббат бар. Күннің көзін көресіз, құстың үнін естисіз дегендей...

Бұл шығармашылыққа да ерекше әсер етеді. Менің бірнеше шығарманың тақырыбы көктемге байланысты. Мен көктемді мәңгілік адаммын. Жарасқан ақынның сөзіне жазылған осындай әнім де бар. Оны Роза Рымбаева орындап жүр. Жалпы, табиғаттың қай мезгілі де жазам деген адамға кері әсерін тигізбесе керек. Бірақ өз басым жылылыққа жаным құштар. Сәтін салса, көктемде шығармашылық сапармен Парижге барғалы отырмын. Саундтрек жазып едім, бірінші орын алып, сондағы үлкен шарада орындалмақшы.



Дәлел УӘШ,
Т.Жүргенов атындағы Ұлттық өнер академиясының оқытушысы:

Асқаралы асудамын

Күткенде қандай! Мен бұрын да көктемді керемет жақсы көруші едім, бұл жолы тіпті ерекше тосып жүрмін. Неге десеңіз, мен көктемде дүниеге келгенмін. «Біздің жақта қыс ұзақ» деп Оралхан көкем айтпақшы, біздің жақтың қысы суық әрі ұзақ болады. Бала күнімізде «қашан көктем келер екен, тезірек келсе екен» деп тосушы едік. Биыл тіпті ерекше күтіп жүрмін. Сәтін салса, 24 сәуірде 60-қа толғалы отырмын. Қазекем «алпыс – тал түс» дейді ғой.

Дегенмен, көңіліміз жас. Осы бір мерейтойдың сылтауымен көрерменге есеп берудің де реті келіп тұрғандай. Өзім қызмет етіп жүрген Т.Жүргенов атындағы театр залында шығармашылық кешімді өткізбекшімін. Менің бітіріп кеткен, қазір сабақ беріп жүрген шәкірттерім түгел қатысады. Кеш бойы белгілі композиторлардың әндері, романстар орындалады. Мен туралы фильм түсіріліп жатыр. Сол туындыны тамашалаудың сәті түскелі тұр. Өмірден көргенім мен түйгенімді қағазға түсіріп, кітап жаздым. Оның да тұсауы сол күні кесіледі.



Айжан-Сара БЕКЖІГІТҚЫЗЫ,
суретші:

Мен суретшімін

Мен әлемді көзіммен ғана емес, жүрегіммен де көріп, сезінемін. Өйткені, мен суретшімін. Көктем мен үшін жай ғана маусымның ауысуы емес, жан-дүниемнің оянаған сәті. Мен осы бір сәтте өзгерістердің ең нәзік пернесін, гүлдердің бүршік ата бастағанын, адамдардың көзіндегі үмітті байқаймын. Көктем алдында дүние түрленіп, ерекше күйге енеді. Бұл сәтте дүние түгел көктемді күтуге дайындалып жатқандай болып кетеді.

Өнер адамы үшін өткен мен болашақ, қыс пен көктем арасындағы осынау сәт нағыз шабыттың оянаған кезі. Жүрек те Жер-ананың оянағанына ұқсайды, ал саусақтарым қазірдің өзінде жаңа бояулар іздей бастағандай. Мен қазірдің өзінде айналамыздағы барлық тіршіліктің түрлене бастағанын, гүлдердің иісін, балалардың күлкісін, желдің ерекше лебін сезіне бастадым.

Әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



Сұлушаш НҰРМАҒАНМБЕТОВА,
Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі:

Өткенді, ертеңді көп ойлайды екенсің

«Қазақконцертте» жүргенімде көктем басталса болды, біздің жұмыс қатты қызатын. Сол жылдары апталап емес, айлап алыс ауылдарды аралап, үй бетін көрмейтінбіз. Қыс түскенше сапарда жүреміз. Өнер адамы болған соң, оның қиындығына да көнуге тура келеді.



Роза СЕЙІЛХАН,
ақын:

Бір жақсылық келер деп көктемменен...

Көктем мезгілін ерекше жақсы көремін. Соданда болар, өлеңдерімнің басым бөлігі көктем туралы боп келеді. Халқымызда көктем, наурыз айына байланысты наным-сенімдер өте көп қой. Қазақ наурыз айын көкөзек уақыт, жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілетін шағы деп айтуында үлкен мән бар. Айналып келгенде, әрбір жұмыр басты пенде күннің жылы шуағын, көктемнің иісін сағынады. Ал жақсылыққа, жақсы күнге, сұлулыққа құмарту – адам бойындағы заңды құбылыс.

«Бір жақсылық келер деп көктемменен, Өмірді қайта сүрдім жек көрмеген» деген өлеңім осы сөзімді растайтындай. Неге екенін, шабыттың шырқау шыңына осы мезгілде көтерілетінім бар.

Өмірдің ажары да, сәні – көктем,
Ақынның қашандағы жаны
көктем.
Тағы да кешіктім деп өкінбейік,
Келеді өлмегенге тағы көктем!

Бала кезімде жылдың төрт мезгіліне көңіл аудармаған сияқтымын. Тіпті, есімде де жоқ. Біздің бақшамызда қатар-қатар отырғызылған өрік ағаштары болушы еді. Өрік гүлінің иісі мұрныңды жарып, әппақ гүлдері төгіліп, сезімді қытықтайтын. Ағаш басындағы бірді-екілі піскен өрікті әжем ұзын таяқпен түсіріп алып, көктемнің алғашқы жемісінің дәмін маған татқызатын. Қазір әжемнің сол қылығын өзім де балаларыма қайталап жүрген жай бар... Көктем келген сайын сол күндерді елегізі есіме аламын.

Қазір ойласам, соның барлығы өлең деген құдіреттің киесі екен. Егер мен ақын болмағанда мұның біреуінен де әсер алмайтын едім. Қарап отырсам, менің жырларым табиғатпен үндес екен. Бүкіл болмысым табиғат



құбылыстарымен байланысып жатады. Аспан, жер, су, ағаш, барлығы да менің бір бөлшегім сияқты. Кейде «мына күннің суығы-ай, желі де тынбады ғой, мына аптап күйдіре ме?» деген сияқты сөздерді айтпауға тырысатын болдым. Олай болса, көктемді күткен көңілімізді кір шалмай, өмірді сүюді Мизамкөктен үйренейік дегім келеді.



ҰЛТТЫҚ ОЙЫН

Алматылық оқушылар тоғызқұмалақтан өткен жарысқа қатысып, Бостандық ауданы әкімінің кубогын сарапқа салды.



Ұлттық құндылығымыздың біріне айналған ойын түрі бүгінде Қазақстан Республикасында ғана емес, халықаралық деңгейде де жоғары қарқынмен дамып келеді. Қазақ халқының ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан төл мұраларының бірі – «Тоғызқұмалақ» әлемдік интеллектуалдық ойындардың озық үлгілерімен бой теңестіре алатын зияткерлік ойын, логикалық ойлау өнеріне айналып отыр. Сәтін салса, осы жылдың қыркүйек айында Алматыда оқушылар арасында ІІ дүниежүзілік тоғызқұмалақ ойыны өтеді.

Кубогтық додаға Алматы қаласының 8 ауданы мектептерінің оқушылары қатысты. *«Оқушылардың ойынға деген қызығушылығы да ерекше. Бұл жәй ғана ойын емес, оқушылардың бойында ойлау қабілетін арттырады, біліктілік дағдыларын дамытады, төзімділігін қалыптастырады»,* – дейді Алматы қалалық Тоғызқұмалақ федерациясының директоры Азамат Көпшекбайұлы.

Командалық есеп бойынша І орынды – Жетісу ауданы, ІІ орынды – Наурызбай ауданы, ІІІ орынды – Бостандық ауданы командалары иеленді.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ ЖЫЛЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӘСІБИ БАЙҚАУ

Алматы құрылыс-техникалық колледжінде Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Моңғолия кәсіптік білім беру мекемелерінің педагогтары арасында «Сантехника және жылыту» құзыреттілігі бойынша халықаралық кәсіби конкурс өтті.



Колледж базасында GROHE ресурстық орталығы ашылды. Аталған іс-шара Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауын іске асыру және Жұмысшылар жылы аясында ұйымдастырылды.

Оның басты мақсаты – жұмысшы біліктілігінің беделін арттыру, кәсіби білім беру жүйесіне қоғамның назарын аудару, халықаралық деңгейде педагогтардың тәжірибе алмасуына жағдай жасау. Конкурсқа Алматы қаласы білім басқармасының өкілдері, «Талап» КЕАҚ, GROHE, KNAUF компанияларының мамандары, сондай-ақ Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Моңғолия мемлекеттерінің кәсіптік білім беру ұйымдарының өкілдері қатысты.

GROHE ресурстық орталығының ашылуы сантехника және жылыту саласындағы білім беруді жаңа деңгейге көтеруге бағытталған. Орталықта заманауи жабдықтар орнатылған, оқу барысында қолданылатын инновациялық технологиялар қарастырылған. Бұл жерде WorldSkills чемпионаттарына қатысушылар дайындалып, кәсіби шеберлік конкурстары, шеберлік сыныптары, біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылады.

Іс-шара аясында еліміздің студенттері Euroskills Herning 2025 (Дания) чемпионатына іріктеу турынан өтті. Бұл жарыс – болашақ кәсіби мамандардың біліктілігін көрсететін маңызды алаң.

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ

тартысты өтті



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әкім ТҰРСЫН, Республикалық Тоғызқұмалақ федерациясының президенті, қалалық Мәслихат депутаты:



– Мемлекет басшысы шығынды аз қажет ететін бұқаралық ойын түрлерін дамытуды тапсырған еді. Бұл қатарда тоғызқұмалақ ойыны да бар. Осы ісшараның өтуіне Алматы қалалық тоғызқұмалақшылар кеңесінің мүшесі Болат Оспанов ұйытқы болды. Былтыр V дүниежүзілік көшпенділер ойынында тоғызқұмалақшылар үлкен нәтиже көрсетті. Бұл ойын түріне қатысу үшін 41 елдің тоғызқұмалақшылары келді.

Жалпы, Алматы қаласы 2023 жылы дүниежүзілік тоғызқұмалақтың астанасы болып жарияланғалы ерекше қарқын алып келеді. Министр Ербосынов та «қазақ күресі мен тоғызқұмалақты брендке айналдыруымыз керек» деп үлкен мақсат қойып отыр.

КҮРЕС

МЫҚТЫЛАР БЕЛДЕСТІ

Балуан Шолақ атындағы Мәдениет және спорт сарайында еркін күрестен PWL (Professional Wrestling League) турнирі өтті. Онда қазақстандық балуандар – Ризабек Айтмұқан, Азамат Дәулетбеков, Жәмила Бақбергенова өнер көрсетті.



Досбол АТАЖАН

Боз кілемге алғашқылардың бірі болып шыққан әлем чемпионатының екі дүркін қола жүлдегері, үш дүркін Азия чемпионы Азамат Дәулетбеков Беларусь мемлекетінің туы астында шыққан Магомедхабиб Кадимагомедовпен күш сынасты. Қазақ балуаны белдесу нәтижесі бойынша қарсыласын 4:0 есебімен жеңді.

Турнир барысында әйелдер күресінен Қазақстан құрамасының үздік спортшыларының бірі Жәмила Бақбергенова қырғызстандық әйгілі балуан Айпері Медетқызымен белдесті. Тартысты күрес Алматыға қонаққа келген қырғыз қыздың пайдасына шешілді, есеп – 5:1.

PWL-8 кәсіпқой күрес турнирі Қазақстанның еркін күрестен тұңғыш әлем чемпионы Ризабек Айтмұхан мен Рио Олимпиадасың чемпионы, үш дүркін әлем чемпионы Кайл Снайдер арасындағы кездесумен аяқталды. Өте тәжірибелі, әлемге аты шыққан Снайдер 20 жастағы қазақстандық балуанның қарқынына қарамай, Ризабектен өз айласын асыра алды. 97 келіге дейінгі салмақ дәрежесіндегі белдесуде америкалық жеңіске жетті.

Жалпы турнир барысында 11 кездесу болады. Күрес ережесі бойынша әр жүйп 6 минуттан белдесті.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Жеңімпаздар халықаралық деңгейде ел намысын қорғауға мүмкіндік алады.

Конкурс төрт модуль бойынша өтті. Олар: кәріз құбырларын жалғау, раковина мен қолжұғыштарды орнату, барлық жүйені біріктіру және душ жабдығын қосу және толық жүйені тексеру.

Конкурсқа қатысушылар өз шеберліктерін шыңдап, жаңа тәжірибе жинақтады.

Байқау жұмысшы мамандықтарының маңыздылығын арттырып, халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға септігін тигізді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бектұрған АХМЕТОВ, Алматы құрылыс-техникалық колледжінің директоры:

ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ АЛАҢЫ

Колледжімізде халықаралық деңгейдегі ауқымды іс-шара ұйымдастырылды. GROHE ресурстық орталығының ашылуы да, «Сантехника және жылыту» құзыреттілігі бойынша халықаралық кәсіби конкурс та – маңызды жобалар. Бұл байқау бізге не береді? Біріншіден, көршілес елдерден келген мұғалімдер мен өндірістік оқыту шеберлері өзара тәжірибе алмасып, біліктілігін арттыруға мүмкіндік алады. Екіншіден, жұмысшы мамандықтарының беделін көтеруге және олардың қоғамдағы маңызын насихаттауға ықпал етеді. Қазіргі кезде сантехник мамандығы жоғары технологиялық, заманауи сала. Бізде түлектеріміз 700–800 мың теңгеге дейін жалақы алып, тұрақты жұмыс істеп жүр. Бұл да осы мамандықтың сұранысқа ие екенін көрсетеді.



1 НАУРЫЗ – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС КҮНІ

Қанат САЙДАХМЕТОВ:

КӨЛІК ЖҮРМЕСЕ, АПАТ ОРНЫНА ЖЕТУІҢ ЕКІТАЛАЙ

Біздің басты міндетіміз – оқиға орнына уақытылы жету,
дұрыс шешім қабылдау және адамдарды құтқару

Қазақстанда 1 наурыз – Азаматтық қорғаныс күні ретінде атап өтіледі. Бұл күн еліміздегі төтенше жағдайлар қызметінің маңыздылығын насихаттауға, қауіптердің алдын алу және олардың салдарын жоюдағы рөлін көрсетуге арналған. Биылғы мереке Жұмысшылар жылымен тұспа-тұс келіп отыр. Осы орайда біз азаматтардың қауіпсіздігі үшін күнделікті өз өмірін қатерге тігетін жанқияр жандардың еңбектеріне тоқталып, оларды құрметтеп, алғыс білдіріп, жұмыстарының маңыздылығын тағы бір мәрте атап өткенді жөн санадық.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Азамат – сын сағатта сыналады

Қала көшелерінде дабылын қосып, жүйткіп бара жатқан үлкен қызыл түсті өрт сөндіру көлігін талай мәрте көрген боларсыз. Ал оның ішінде өрт сөндірушілер ғана емес, ауыр техниканың тізгінін ұстаған жүргізуші де өзінің қауіпті міндетіне аттанып бара жатады. Солардың бірі – Қанат Сайдахметов. Өрт сөндіру қызметінде 16 жылға жуық қызмет етіп келе жатқан азамат қазіргі таңда автобаспалдағы бар арнайы көлікті басқарады.

Бұл алып көлік – кез келген төтенше жағдай орнына бірінші болып жететін құтқарушы топтың қолғанаты. Бірақ оны жүргізудің үлкен жауапкершілік пен шеберлікті талап ететінін біреу білсе, біреу біле бермейді.

Біздің кейіпкеріміз осы жауапкершілікті арқалап, 10 жылдан бері өрт сөндіру көлігін жүргізіп келе жатқан тәжірибелі маман. Оның жұмысы сырт көзге жай ғана көлік жүргізу болып көрінуі мүмкін. Бірақ шын мәнінде, адам тағдыры дәл осы көлік жүргізушілерінің кәсіби шеберлігіне де тікелей байланысты.

Қанат Сайдахметов – Алматыдағы Төтенше жағдайлар департаментінің Бостандық ауданы бойынша №1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінде өрт сөндіру автокөлігін жүргізу бойынша аға нұсқаушы болып еңбек етеді.

Қанаттың қызметі – тек өрт орнына жылдам жетумен шектелмейді. Ол көлік пен техниканың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, бригада мүшелеріне барынша қолайлы жағдай жасауға, қажетті құралдардың толық болуын қадағалауға және өрт сөндірушілерді үздіксіз сумен қамтамасыз етуге жауапты.

– Біздің міндет – хабар түскен соң жеке құрамды жол ережелерін сақтай отырып, аман-есен жеткізу. Өрт орнына жеткен соң, көліктің техникалық жағдайын үнемі бақылап отырамыз. Су, жанармай, көбік қоспасы таусылмауы керек. Егер қандай да бір ақау болса, оны дереу бөлімше командиріне хабарлаймыз, – дейді ол.

Қанат 2009 жылы Алматы қаласындағы №1 өрт сөндіру бөліміне құтқарушы болып жұмысқа орналасады. Қызмет барысында өзін жауапкершілігі мол, ұқыпты маман ретінде көрсетіп, қоғамдық жұмыстарға белсене атсалыса жүріп, 2014 жылы өрт сөндіру көлігінің жүргізушісі қызметіне ауысқан. Өз міндетіне аса жауапкершілікпен қарайтын оның тынымсыз еңбегі елеусіз қалған жоқ. 2022 жылы аға жүргізуші-нұсқаушы лауазымына көтеріліп, сол уақыттан бері осы қызметте қалтқысыз еңбек етіп келеді.

– Мен бұл мамандықты жаныммен жақсы көремін. Өзімнің ұлымды да осы салаға шақырған едім, бірақ ол полиция болуды таңдады. Ал жұбайым Сәбилер үйінде еңбек етеді. Әрқайсымыз өз жұмысымызды жауапкершілікпен атқарып келеміз, – дейді Қанат.



Әр шақырту – үлкен жауапкершілік

Қанаттың айтуынша, өрт сөндіру қарауылы кезекшілігінде көлік жүргізуші ең басты мамандардың бірі. Егер көлік жүрмесе, апат орнына жетуің екіталай. Жолда кездесетін қиындықтарға қарамастан, бар күшін салып, өз міндетін абыроймен атқару – оның басты міндеті.

– Өрт сөндіру жасағында жүргізушінің рөлі ерекше. Қарауыл құрамында бір жетекші, 2-3 бөлімше командирі және 6–10 өрт сөндіруші болса да, жүргізуші болмаса, олардың жұмысы тоқтап қалады. Мәселен, өрт сөндірушілердің бірі жарақат алса немесе ауырып қалса, жасақтың жалпы дайындығына әсер етпеуі мүмкін. Бірақ жүргізуші өрт сөндіру көлігін дұрыс басқармаса, оны оқиға орнына уақытылы жеткізбесе немесе сумен қамтамасыз ете алмаса, бүкіл команда әрекет ете алмай қалады. Біз көліктің техникалық жарамдылығын қадағалап, өрт сорғысын іске қосып, қажет болған жағдайда гидрантқа қосу сияқты маңызды міндеттерді орындаймыз. Сондықтан біздің жауапкершілігіміз өте жоғары. Әрине, жұмыс болған соң қиындықтар

болады. Жол кептелісі, кедергілер, қауіпті жағдайлар – бәріне үйрендік. Бірақ біздің басты міндетіміз – оқиға орнына уақытылы жету, дұрыс шешім қабылдау және адамдарды құтқару. Себебі, уақыт – адам өмірімен өлшенеді. Кәсібімнің маңыздылығын терең сезінемін және әр шақырту – үлкен жауапкершілік екенін ешқашан ұмытпаймын. – дейді ол.

Қанат бұрын автоцистерна жүргізген, қазір автолестницасы бар арнайы көлікті басқарады. «Қазіргі міндетім – автобаспалдақты дұрыс қою. Менің басты мақсатым – жоғарғы қабаттардан секірмекші болған адамдарды құтқару және биіктен су беру. Кейбір жерлерде баспалдақты қою қиын. Мысалы, ағаштар, электр сымдары кедергі келтіреді. Осындай жағдайларда ыңғайына қарап, дұрыс орналастыруым керек», – дейді кейіпкер.

Көлік тізгіндеген жігіттің айтуынша, автобаспалдақ жүргізушілері тек өрт сөндірумен ғана айналыспайды. Олар кейде адам өмірін сақтап қалуда соңғы үміт болуы мүмкін. «Кейде биік ғимараттардың төбесіне шығып, секірмекші болған адамдарға көмектесуге барамыз. Бірде 9-қабаттан секірмекші болған адамды құтқаруға шыққанымыз есімде. Мұндай сәттерде әр минут маңызды. Баспалдақты тез әрі дәл қою керек, әйтпесе кеш болуы мүмкін. Өйткені, бір секунд – бір тағдыр» – дейді ол.

Нағыз шебер қандай құрметке де лайық

Қанат өзі куә болған алапат өрттердің бірнешеуін есіне алды. 2022 жылы тауда үш қабатты үй жанып, суды Алма-Арасаннан жіберіпті. Сусыз ауданда өрт шыққанда, өзеннен де су тасып жұмыс істеген екен. Қаланың үлкен базарларында болған өрттерге талай рет барған. Кешегі Әуезов ауданындағы қоймадағы өртте шатырдан су беру үшін автобаспалдақ көмегімен жұмыс істепті.

Рас, бұл мамандықта әр шақырту – сынақ. Өртке қарсы күресте тек күш пен жылдамдық ғана емес, біліктілік пен тәжірибе де маңызды. Көлік тізгіндеген азамат өз ісінің нағыз шебері ретінде бірнеше мәрте марапатқа ие болған.

– Еңбегімді бағалаған басшылық үнемі мерейімізді көтеріп, марапаттарға ұсынып жатады. Мәселен, бірнеше жыл бұрын ҚР Төтенше жағдайлар министрінің қолынан марапатқа ие болдым. Кейін Медеуде болған орман өртіндегі белсенділігім үшін Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Алғыс хатпен марапаттады, – дейді Қанат.



АЗАМАТТЫҚ АЛЪЯНС

Жануарларға жауапкершілікпен қарау:

МАҢЫЗДЫ АЛАҢ

заңнамалық өзгерістер және қоғамдық пікір

Алматы қаласының Азаматтық Альянсы қоғамда қызу талқыланған «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» заң болашағына арналған «дөңгелек үстел» өткізді.

Ернұр
РЫСБАЙ

Жиында сарапшылар, зооқорғаушылар заңға енгізілгелі отырған түзетулерді талқылап, жануарлар құқығы мен адамның құқықтарын үйлестіру мәселесін көтерді.

2021 жылғы 30 желтоқсанда қабылданған заң жануарларға қатыгездік танытуға тыйым салып, гуманизм қағидаттарын нығайтуға бағытталған болатын. Алайда, оны іске асыру барысында бірқатар қиындықтар туындап, қаңғыбас және иесіз жануарларды реттеуге қатысты пікірталастар күшейді. Кейбір депутаттар иесіз жануарларды эвтаназиялау (ұйықтату) шарасын заңға қайта енгізуді ұсынды. Бұл бастама қоғамның бір бөлігінің на-



разылығын тудырып, қоғамдық келісімге нұқсан келтіруі мүмкін екені айтылды.

Азаматтық Альянс өз ұстанымында заңның негізгі қағидаттарын жоюға болмайтынын атап өтті. Қоғамдық ұйым өкілдері бұл мәселені шешудің альтернативті жолдары барын айтып, жастар арасында жануарларға ізгілікпен қарау мәдениетін қалыптастыру, қоғамдық бақылау институтын дамыту және заңның тиімді іске асуын жүйелеу қажеттігін көтерді.

ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ
ЖЕРГІЛІКТІ БАСТАМАЛАР

«Дөңгелек үстелге» Қазақстан Парламенті Мәжілісі мен Сенатының депутаттары, Алматы қалалық Қоғамдық кеңесінің мүшелері және халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты. Түркия, Грузия және Қырғызстаннан қатысқан ұйымдар өз елдеріндегі жануарларды қорғау тәжірибесімен бөлісті. Алматы қаласы әкімдігінің кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы заңды жүзеге асыру бағытындағы жетістіктерін таныстырып, қалада қаңғыбас жануарларды бақылаудың гуманды тәсілдері қолданылып жатқанын жеткізді.

ТҮЙІН:

Жануарларға жауапкершілікпен қарау – қоғам мәдениетінің көрсеткіші. «Дөңгелек үстел» барысында заңның қазіргі жағдайы мен оның болашағы туралы түрлі пікірлер айтылды. Бір тарап иесіз жануарларды азайтудың жалғыз жолы – эвтаназия деп санаса, екінші тарап бұл шешімнің орнына проблеманы жүйелі түрде шешуді ұсынды. Алматыдағы «дөңгелек үстел» осы мәселе төңірегінде қоғамдық диалог орнатуға және заңнамалық өзгерістерге ықпал етуге бағытталған маңызды алаңға айналды.

ЭКОЛОГИЯ



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ТАЗА АУА –
ОРТАҚ ИГІЛІК

Алматыда ауа сапасын бақылау үшін бірнеше экологиялық пост жұмыс істейді.

Қалада атмосфераның ластану деңгейін төмендету мақсатында түрлі шаралар атқарылуда. Солардың бірі – экологиялық посттар. Бүгінде мегаполисте 19 экопост жұмыс істейді, ал жақын арада тағы екі бекет іске қосылмақ. Экологиялық бекеттерде газ анализаторлары мен компьютерлендірілген құрылғылар арқылы көліктерден бөлінетін түтін мен зиянды қалдықтардың мөлшері тексеріледі. Қала тазалығына бей-жай қарамайтын тұрғындар экологиялық пост жұмысына оң бағасын беруде. «Экологиялық постар – таза ауа үшін жасалған қадам. Таза ауа сынды ортақ игілікке әр алматылық өз үлесін қоса алады», – дейді көлік жүргізуші Ахметмырза Эрол.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Данияр ҚҰРАЛБАЕВ,
Наурызбай ауданындағы экобекет операторы:

БАҚЫЛАУ ШАРАЛАРЫ АУА САПАСЫН
ЖАҚСARTУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

Біздің экопост көліктердің техникалық жағдайын тексеріп, олардың ауаға бөлетін зиянды газдарының деңгейін анықтайды. Рұқсат етілген шекті мөлшер – 50%. Егер бұл көрсеткіштен асып кетсе, көлік экологиялық талаптарға сай емес деген сөз. Мұндай бақылау шаралары ауа сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл – барлығымыз үшін маңызды іс. Өзім де көлігімнің техникалық жағдайын қадағалап, уақытылы тексерістен өткізіп отырамын. Көлік қозғалтқышындағы катализаторды, майын, суын бақылап, ТЖО мамандарына көрсетіп тұрамын. Осылайша қоршаған ортаны қорғауға өз үлесімізді қосып жүрміз.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

«НАРКОСТОП» АКЦИЯСЫ

ЕСІРТКІ ЖАРНАМАЛАРЫ ЖОЙЫЛДЫ

Алматыда «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында қала ғимараттарына жазылған есірткі жарнамаларын жоюға бағытталған кезекті «Наркостоп» акциясы өтті.

Досбол
АТАЖАН

Бастама Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы мен Алматы қаласының Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қолдауымен өтті.

Акцияға 200-ге жуық волонтерлер, студенттер және комьюнити- орталықтардың резиденттері қатысты. Олар Алматы қаласының Полиция департаментінің қызметкерлерімен есірткі жарнамаларының орындарын анықтап, олардың заңсыз жазбаларын өшірді.

Рейд барысында Алматы қаласы Түрксіб ауданында 1 күннің ішінде ғимараттардың сыртқы қабырғасына жазылған 100-ден аса жарнама анықталып, жойылды.

«Біз Алматының волонтерлері ретінде қаламыздың қауіпсіздігі мен тазалығына бей-жай қарамаймыз. Бүгінгі «Наркостоп» акциясына қатысу – біздің қоғамға деген жауапкершілігіміздің көрінісі. Есірткі жарнамаларының жойылуына үлес қосу арқылы біз жастарға дұрыс бағыт көрсетіп, салауатты өмір салтын насихаттауға атсалысып жатырмыз», – деді волонтер Елдар Байғабылов.

БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

Алматыда «Наркостоп» жобасы Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен жүзеге асырылады. 2024 жылы жобаға 3 мыңнан астам волонтер қатысып, 480 іс-шара өткен. Акциялар аясында есірткі заттарын насихаттайтын түрлі сайттардың атаулары жазылған 110 мыңнан астам трафарет пен граффити жойылды.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әзиз ҚАЖДЕНБЕК,
Алматы қаласы Жастар саясаты
басқармасының басшысы:

МАҢЫЗДЫ ЖОБА ЖАЛҒАСАДЫ

«Наркостоп» – біздің басқарманың қолдауымен жүзеге асырылып жатқан ең маңызды жобалардың бірі. Соңғы екі жылдан астам уақыт бойы бұл жоба аясында 8 мамандандырылған орталық тұрақты түрде жұмыс істеп келеді. Оның басты мақсаты – жастарға есірткінің зияны туралы жан-жақты түсіндіріп, оларды салауатты өмір салтын ұстануға шақыру. Біз жастар арасында есірткінің таралуына және оны насихаттайтын жарнамалардың көбеюіне жол бермеу үшін жүйелі түрде жұмыс жүргізіп келеміз. Алдағы уақытта да осы бағыттағы шараларды күшейтіп, қоғаммен бірлесе күрес жүргізуді жалғастырамыз.



«Адал азамат» тұжырымдамасы:

АДАЛДЫҚ, ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында айқындап берген «Адал азамат» тұжырымдамасы – елімізде жастармен жұмыс істеудің басты бағыт-бағдарына айналды. Тұжырымдама адалдық, әділдік және еңбекқорлық секілді құндылықтарды насихаттауға негізделген.

Жастарды жұмыспен қамту

Жалпы, мемлекеттік жастар саясатының басым бағыттарының бірі – жастарды жұмыспен қамту мәселесі десек, 2024 жылы 400 мыңнан астам жас жұмысқа орналастырылған екен. Бірнеше өңірлерде жастарды оқыту және жұмысқа орналастыру бағдарламалары жүзеге асты. Атап айтсақ, Алматыда «Jobfair365» платформасы жұмыс істейді, оның көмегімен 2,5 мың жас маман жұмысқа орналасты. Ал Астанада – «Jol Tar» (3,9 мың адам оқудан өтті), Алматы, Ақтөбе және Қарағанды облыстарында – «Jumys Tar» (10 мың адам жұмыспен қамтылды) бағдарламалары бар.

«Jol Tar» жобасы аясында Астанада 19,5 мың азамат мемлекеттік қолдау шараларының 52 түрі бойынша кеңес алған екен. Олардың ішінде 3,9 мың адам 10 түрлі мамандық бойынша оқытылды (тігінші, бариста, сатушы-кассир, электргазбен дәнекерлеуші, бухгалтерлік есептің негіздері, аяқ киім жөндеу және кілт жасау, корпуслық жиһаз жасау негіздері, май және дөңгелек ауыстыру жөніндегі авто-маман, Кәсіп дүкеніндегі сауда негіздері және т.б.).

Жастар ресурстық орталықтары 2024 жылы кәсіптік бағдар беру мақсатында 500-ден астам бос жұмыс орын жәрмеңкесін ұйымдастырып, 1 миллионнан астам кеңес беріп үлгерген (заңгерлік, психологиялық, кәсіптік бағдар, мемлекеттік бағдарламалар, волонтерлік, жұмыспен қамту және т.б.).

NEET санатындағы жастарға да ерекше назар аударылды. Қазіргі уақытта бұл санатқа жататын 160 мыңнан астам жас бар. Олар – білімі мен жұмысы жоқ қазақстандық жастар. NEET жастарының бастамаларын қолдау мақсатында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі «Zhas project» аясында 280 грант бөлді (әр гранттың мөлшері – 1 миллион теңге). Сонымен қатар, 20 жылдан астам уақыт бойы елдің әр өңірінде жастарды маусымдық жұмыспен қамтуға бағытталған «Жасыл ел» жобасы жүзеге асып келеді. Соңғы 3 жылда 100 мыңнан астам жас қамтылса, оның 30 мыңнан астамы – ауыл жастары.

Мемлекет жастарға тұрғын үй мәселесін шешу бойынша жүйелі қолдау көрсетіп келеді. 2017 жылдан бастап, мемлекеттік бағдарламалар аясында 7200-ден астам жас қазақстандық баспанаға ие болды.

Бүгінде «Отбасы банк» және облыс әкімдіктерімен бірлесіп, елдің 16 өңірінде жұмыс істейтін жастарға арналған арнайы ипотекалық бағдарламалар да іске қосылды. Шарттарын атап айтатын болсақ, 10% бастапқы жарна төленіп, пайыздық мөлшерлемесі 5%-дан басталады, 19 жылға дейін кез келген Қазақстан азаматы қатыса алады, бірақ отбасылы болған жағдайда ерлі-зайыптының біреуі ғана өтініш бере алады. Сондай-ақ, жастар үшін арнайы квоталар қарастырылған республикалық тұрғын үй бағдарламалары да бар. Атап айтсақ, «Отау» және «Наурыз» бағдарламалары.

2024 жылы осы бағдарламалар аясында 3923 жас азаматқа жалпы сомасы 103,4 млрд теңге несие берілді. «Отау» бағдарламасы бойынша 1450 жас азамат жалпы сомасы 31,7 млрд теңге көлемінде несие алды.

Кадрлық әлеуетті арттыру

Жастар саясатының басты бағыттарының бірі – кадрлық әлеуетті арттыру. «Президенттік жастар кадрлық резерві» – Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2019 жылдан бастап іске асып келе жатқан жоба. Қазіргі уақытта 315 резервтегі жас мемлекеттік және квазимемлекеттік секторда басшылық лауазымдарға тағайындалды.

Жобаға қызығушылық жыл сайын артып келеді (2019 жылы – 13 мың адам, 2021 жылы – 22 мың адам, 2023 жылы – 31 мың адам). Үш іріктеудің нәтижесі бойынша 400 адам Резервке қабылданды (2019 жылы – 300 адам, 2021 және 2023 жылдары – 50 адам). Олар саяси мемлекеттік лауазымдарға, «А» корпусына, сондай-ақ «Б» корпусындағы басшылық қызметтерге тағайындалу мүмкіндігіне ие болды.

2024 жылы алғаш рет барлық өңірде аймақтық кадрлық резервке іріктеу өтті. Оған республикалық маңызы бар қалалар мен облыстардың жергілікті атқарушы органдары қатысты. 505 адам екі жыл мерзімге резервке қабылданып, мемлекеттік органдардың келісімімен «Б» корпусындағы әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға конкурстық тағайындалу мүмкіндігіне ие болды.

Сонымен қатар, Мәжіліс пен мәслихат сайлауында жастарға арналған арнайы квоталар енгізілді, бұл бастама органдардың жұмысына жаңа серпін берді.

Гранттар мен сыйақылар

Бұдан бөлек, мемлекет гранттар мен сыйақылар арқылы жастарға қолдау көрсетіп келеді. 2024 жылы 90 млн теңгеге «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты 30 жасқа табысталды. Жоба алты бағыт бойынша грант бөлді. Атап айтсақ, ғылым, мәдениет, IT, медиа, бизнес, волонтерлік секілді тақырыптар қамтылды. «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының мөлшері 1 млн теңгеге дейін ұлғайтылды. Биыл жастарға арналған арнайы гранттық жобалар 6 бағыт бойынша (лудомания мен нашақорлықтың алдын алу, жастардың қаржылық және құқықтық сауатын арттыру және т.б.) бөлінеді. Жобаның жалпы сомасы шамамен – 720 млн теңге (2025–2027 ж.ж. кезең үшін).

• Стартаптар мен инновациялық бастамаларды қолдау жаңа жұмыс орындарының ашылуына және экономиканың өсуіне ықпал етеді. Кәсіптік бағдар беру және жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу жастардың жұмыспен қамтылу деңгейін арттырады. Жалпы, көпвекторлы жастар саясаты жастардың қоғамдық өмірге белсенді араласуына, олардың азаматтық жауапкершілік деңгейінің артуына ықпал етеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Баспасөз орталығы)

ИНФОГРАФИКА

Оқыту және жұмыспен қамту бағдарламалары

Алматы қаласы, Ақтөбе және Қарағанды облыстарында «Jumys Tar», «Jobfair365» жобалары аясында



12,5 мың адам

жұмыспен қамтылды

Астана қаласында



3,9 мың адам

10 жұмыс мамандығы бойынша оқудан өтті (тігінші, бариста, сатушы-кассир, электргазбен дәнекерлеуші, бухгалтерлік есеп негіздері, аяқ киім жөндеу және кілт дайындау, корпуслық жиһаз жасау негіздері, автомай және автошина ауыстыру маманы, Кәсіп дүкеніндегі сауда негіздері және т.б.)

NEET санатындағы жастарға арналған «Zhas Project» жобасы аясында



280 грант беріліп,

жалпы сомасы 280 млн теңгені құрады

Жастарға арналған мемлекеттік гранттар мен сыйақылар



2024 жылы алты бағыт бойынша (ғылым, мәдениет, IT, медиа, бизнес, волонтерлік) «Тәуелсіздік ұрпақтары»

грантына **30** адам ие болды.

Жалпы грант сомасы **90 млн** теңге.



«Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының мөлшері

1 млн теңгеге дейін ұлғайды.

Үстіміздегі жылы 6 бағыт бойынша (лудомания мен нашақорлықтың алдын алу, жастардың қаржылық және құқықтық сауаттылығын арттыру және т.б.) жастарға арналған арнайы гранттық жобалар іске қосылады.

Бұл жобаларға 2025-2027 жылдар аралығында



шамамен **720 млн** теңге бөлінеді.

Жастарды жұмыспен қамту

2024 жылы мемлекет



400 мыңнан астам жас азаматтарды жұмыспен қамтыды



500-ден астам бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өткізіліп,



1 миллионнан астам кеңес берілді

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мейіржан КЕЛЕМЕДЕНОВ,
JasLive медиа орталығының жетекшісі,
қоғам белсендісі:

Жұмыс істеймін деген жастар үшін барлық жағдай жасалған

Біздің мегаполисте мүмкіндік көп. Жұмыс істеймін деген жастар үшін барлық жағдай жасалған. Ең бастысы, ақылмен ойлап, іс қылса жеткілікті. Кәсіп бастап, бизнес ашуға мүмкіндік зор. Кейінгі жылдары қалада қаракөздеріміздің шоғыры мол.

Алматы – 14 пен 35 жас аралығындағы 695,6 мыңнан астам жастар тұратын еліміздің ең ірі білім және мәдениет орталығы. Мәдени іс-шаралар легі көптеп өткізіліп тұрады. Белсенді жастар, волонтерлер қала дамуы үшін аянбай еңбек етіп жүр. Беделді ЖОО осы шаһарда орналасқан. Бизнес орталықтар, үлкен банктер бәрі-бәрі осында.

2025 жылы табысты бастамаларды кеңейту және жаңа жобаларды іске қосу басты назарда болмақ. Жастар саясаты басқармасы ALMA CUP спорттық турнирін, Jas Gala 2025 шығармашылық фестивалін, IQ-ALA jastary зияткерлік жобасын, NEET жастарын қолдауға арналған DUISENBILIK SPORT–2025 бағдарламасын, сондай-ақ жастардың мәдени деңгейін дамытуға бағытталған бірқатар жобалар кезең-кезеңімен жүзеге асып жатыр.

Естай БОЖАН,
сарапшы:

Бәсекеге қабілеттілікті арттыру – басты стратегиялық міндет

Қазақстанда жастар саясаты кешенді әрі көпвекторлы сипатқа ие деуге толық негіз бар. Соның бір мысалы, «Адал азамат» тұжырымдамасының қабылдануы жастар арасында этикалық және еңбекқорлық құндылықтарын қалыптастыру бастамалары мемлекеттік деңгейде жүргізіліп келеді.

Негізгі назар жастарды жұмыспен қамтуға аударылған. 400 мыңнан астам жас жұмысқа орналасып, оқыту бағдарламалары арқылы кәсіби дағдыларын жетілдірді. Бұған қоса тұрғын үй саясаты аясында жастар үшін ипотекалық бағдарламалар мен арнайы квоталар іске қосылып, олардың баспанаға қолжетімділігі артты. Ал кадрлық резервтер арқылы мемлекеттік басқаруға жас мамандар тартылып, әлеуметтік лифт қалыптасып келеді.

Мәселе, аталған шаралардың тиімділігіне жан-жақты талдау қажет. Жастардың тұрақты жұмыспен қамтылуы, гранттардың мақсатты пайдаланылуы, тұрғын үй бағдарламаларының қолжетімділігі секілді факторлар үнемі бақылауда болуы тиіс. Білім беру, инновация және кәсіпкерлік салаларында жастардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру – негізгі стратегиялық міндеттердің бірі болып қала береді.



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Алмасбек ДҮЙСЕНБЕКҰЛЫ,
Дінтану орталығының директоры, дінтанушы ғалым:

ЕЛІКТЕУ МЕН БҰРМАЛАУ

ұлттық руханиятты дағдарысқа ұшыратады



Жаңа дилемма қажет

– Әңгімені «Әділетті Қазақстан контекстіндегі Діни құндылықтар» төңірегінде ұйымдастырылған алқалы басқосудан бастасақ...

– Бұл өзі болашаққа игілігі мол құптарлық іс болды. Қоғамдағы ұлттық құндылықтарды әртүрлі сала білгірлерімен бас қосып, талқылап, алдағы шаруаны реттеудің қамын жасай білген жөн ғой. Жаңа дилемма қажет. Ұлтқа тән домбыраны харам деп, дәстүрді жоққа шығаруға жол беруге болмайды. Келелі жиындарда осындай қордаланған мәселелердің шешу жолдарын айқындап, тиісті мемлекеттік уәкілетті органдарға ұсыныс жеткіземіз. Бұл арада дінтанушы, теология саласының мамандары өз хал-қадірінше еңбектеніп жатқанын айта кеткен жөн.

Тарихқа қарайтын болсақ, діннің қоғамдағы маңызы жоғары болғанын көреміз. Адам неге сенсе де бұл ең күшті құрал, сенімнің алар орны зор. Діни сенім бостандығы бар, әрі бұл да маңызды мәселе. Оған ешкімнің дауы болмас. Зерттеулерге зер салсақ, 15% атеизм бар. Оларды «агностик» деп құқығын шектемейміз. Ондайлар өз сенімінде. Бұл ертеден келе жатқан «сенің дінің саған, менің дінім маған» дейтін ұғым-түсініктен туады. Мінеки, осылардың барлығының бір қоғамда ғұмыр кешуі – зайырлы мемлекет дегенді аңғартады. Бәзбіреулер осыны дұрыс түсінбей, бұра тартады.

Кейбіреулер діни мемлекет болуды көксейді. Бізде түрлі ұлт пен ұлыс бір шаңырақ астында тұрып жатыр. Сондықтан бәрін бір бағытқа бұру әбестік болар. Біз ондай жолды қаламаймыз.

Руханиятымызды ұлықтау – парыз

– Қоғамдық санада «рухани құндылықтарымызды мұсылманшылықпен үйлестіру» жөнінде сан түрлі пікір қалыптасқан...

– Кейбір дін өкілдері арабтың тарихын қаузауға әуес. Өз руханиятымыз шеттеп қалатын кездер болады. Бұл – қоғам тарапынан айтылып жүрген сын-пікір. Алайда, «көш жүре түзеледі» деп, күтіп келеміз. Ата діңгекті ұстайық. Өз ойшылдарымыз әл-Фараби, Ахмет Иүгінеки, Мәшһүр Жүсіп, хакім Абай, Шәкәрім сияқты ұлы тұлғаларымызды насихаттасақ болады ғой. Осы ғұламалардың қоғамға жеткізгісі келген ойлары, көтерген мәселелері әліге

Қазақ елі жаңа әрі әділ қоғамға қарай қадам басты. Ата Заңымызда Қазақстанның зайырлы мемлекет екені көрсетілген. Әркімнің өз сенімі бар және діни сенімге қатысты шектеу жоқ. Дейтұрғанмен, қоғамның тыныштығын сақтау – бәрінен маңызды. Сондықтан азаматтардың бейбіт, бай, жайлы әрі ыңғайлы ортада өмір сүргеніне аса мән беріледі. Бүгінгідей құбылмалы геосаяси жағдайда елдікті сақтап, егемендік тұғырын биік етудің тетіктерін қарастыру өзгеше маңызға ие. Зайырлы қоғамдағы діни құндылықтарымыз жайлы дінтанушы мамандар, теологтар не дейді? Салада қордаланған мәселелерді айқындау мен шешуде дінтанушылардың рөлі қандай болмақ? Осы және басқа да сауалдар аясында Дінтану орталығының директоры, дінтанушы ғалым Алмасбек ДҮЙСЕНБЕКҰЛЫМЕН сұхбат құрған едік.

дейін өзектілігін жоймады. Біз өз даналарымыз һәм білгірлеріміз салып кеткен жолды ұстай алмай келеміз, олардың айтқан тұжырымдарын ұға алмай келеміз.

Қазір уағыз айтып жүргендерге өз шежіремізді, ұлттық руханиятымызды айту жайлы кеңес беріп, оларды ұлықтау парыз екенін айтып-ақ жүрміз. Қазақтың жырауы, ақыны, батыры тұнып тұрған құнды

процесіне мән берейік. Өз қажеттілігімізге жаратайық. Жастарды ғылым мен білімнің озық жетістіктеріне баулу керек.

Ғылымда «теология» деген термин бар. Ол ислам, христиан діндерін ішкі жағынан зерттейді. Ал дінтанушылар дінді насихаттамайды. Қайта объективті тұрғыдан зерделейді. Халыққа мынау шаманизм, анау синтоизм деп ақ пен қарасын ажыратып,



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

жәдігер іспетті ғой. Бұрынғы мықтылардың қай-қайсысы болса да дінге соқпай кетпеген.

Жастарды ғылым мен білімге баулу керек

– Жұртты жаппай дінге тартып, уағыз айту қаншалықты дұрыс?

– Сұрағыңыз орынды. Иә, дін өкілі уағыз айтатыны рас. Кейбірі ресми тіркелген болуы мүмкін, бірен-саран өз хал-қадерінше, білгенімен бөліседі. Ақыретті айтып, қорқытып-үркіте беруден ешкім ештеңе ұтпайды. Ғибадаттан бөлек қаншама ғылым, білім туралы айтылған тұстар бар. Алайда, біздегілер қасиетті кітаптың бір бағытын ұстап алған, қалғаны қалыс қалуда. Біз қасиетті жазбаны арғы дүниелік құрал ретінде қараймыз. Орта ғасырда ғылыми технократия бізден шықты. Ал қазір ол дәрежеге жете алмай қалдық.

Қазіргі таңда IT, нанотехнология, биотехнология пайда болды. Міне, осындай XXI ғасырдың ғылыми технологиялық

жіктеп түсіндіріп береді. Дінтану – ғылыми саланың бір бөлігі.

– Орта ғасырда әр саланың мықты ғалымдары бізден шықты. Ал қазір неге олай емес?

– Өркениеттің қос қанаты бар. Бір қанаты ғылым, екінші қанаты дін. Бұлар бір-біріңсіз жөнді самғай алмасы анық. Философ, ақын Абай, білгір Шәкәрім Құдайбердіұлы аталарымыз «ғылымсыз – білім болмайды» деп ұйғарған. Бүгінде осы екеуін теңестіре алмай дал боп жүрміз. Өз тарапымыздан дін мен ғылымды тең ұстау үшін бар ықпалды жасап келеміз. Бәлкім, заман өзгеріп, жаңа көзқарас туып, сең қозғалып қалар.

Батыс өркениеті «Библияда» жазылған ғылым-білім жетістіктерін алға қойды. Сөйтіп, ғылыми технологиялық процесті бастап жіберді. Соның нәтижесінде АҚШ, Еуропа технократияның өзегіне айналды. Дүние жүзі бойынша көлік өндірісі, машина жасау, ұшақ ойлап табу, түрлі өнім өндіру бойынша алға ілгерілеп кетті. Осылайша дамыған елдер технологияны қол-

данады. Ал біздер сол баяғы соқпақ «өлім мен өмірді» құр сөз қылып айта береміз.

Таным-түсінікті жоққа шығармаған лазым

– Дін мен дәстүр – егіз деген де пәлсапа бар, бұл екеуінің бір-бірінен айырмашылығы неде?

– Бұл сауалды біраз толықтыра түсейік. Дін мен дәстүрді бірінен екіншісін бөле жара алмаймыз. Екеуі бір-бірін толықтырып тұрады десек, артық айтпағандық болар. Әрине, тым араластырып жіберуге болмас, десе де дәстүр мен діннің арақатынасы, бір-біріне демееу болғанын құптаймыз.

Ата-бабаларымыз «Жаңбырменен жер, батаменен ел көгереді» деп шегелеп айтқан. Үлкеннен бата алу, сәлем салу, тұсау кесу, бәрі-бәрі қазақтың ата жолы. Сан ғасырлар бойы қалыптасқан алтын діңгек, дәстүр-салтты, әдет-ғұрыпты, ұлттық таным-түсінікті жоққа шығармаған лазым.

Кейбірі шетелге барып оқып, 2-3 ай курсқа қатысып, сол жақтың дағдысын бізге таңғысы келеді. Сөйтіп жүріп елді бүлдіреді. Біздің тарихта ненің дұрыс, ненің бұрыстығы әлдеқашан нақтыланған, хатқа жазылып, тасқа таңбаланған. Қазіргі ғаламтордың қуаты күшті. Әлеуметтік желі ақпарат тарататын айдынға айналды. Интернет көздерінде жаңсақ пікір қалыптаспауы үшін білгір, сол саланың майталмандары кеңесіп, ортақ шешімге келсе, құбақұп.

– Қазір балаға есім беру мүлде өзгеріп кеткендей. Қазақтың ұғым-түсінігіне сай есімдер архаизмге айналып бара жатқандай...

– Қазақтың өз болмысына сай келетін есім болғанын қалар едік. Мәселен, «Хасан-Хусейн» дегенді ата-бабаларымыз «Асан мен Үсен» деп атады. Араб-парсы жалпы шетелден келген атаулардың қазақша баламасы бар. Өз ұлттық болмысымызды сақтауымыз керек. Бір кездері телесериалдардағы атақты адамдардың есімі трендке айналды. Елдің бәрі ұл-қыздарының есімдерін соларға ұқсатып қоятын болды. Тегінде түріктің атауы түрікке тән, үндінің атауы үндіге саяды. Ал қазақтың атаулары қазақтың рухани діңгегіне, қазақшаға сай келгені дұрыс. Өңін айналдырып, өзгертіп, сырт жаққа еліктеуді доғарайық. Бұндай бұрмалаушылық ұлттық руханиятты дағдарысқа ұшыратады.

Кейбір кездері осындай кемшіл тартып тұрған тұстарды айтып, көрсетіп, дәлелдеп жатамыз. Көбісі мұны түсінбейді. Қайткен күнде де қазақи болмысқа сай өмір сүргеніміз абзал.

– Елімізде түрлі дін өкілдері, түрлі діни ғибадатханалар бар. Олардың баршаға ортақ заң мен қоғам алдындағы жауапкершілігі қандай?

– Бізде дін бостандығы бар екендігін айтып өттік. Әрбір діни ұйымдар өз бағдарымен жайлы ортада өмір сүріп жатыр, заң аясында өздерінің ғибадатханаларында уағыз-насихатын айтады. Ғибадатханалардан тыс қоғамдық орындарда уағыз-насихат жүргізбейді. Бұған заң бойынша тыйым салынған.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Олжас ЖОЛДЫБАЙ



ПРЕМЬЕРА

«БОЛМАҒАН БАЛАЛЫҚ ШАҚ»

фильмі үлкен экранға шықты

Енді көрермендер режиссер Айдын Сахаманның «Болмаған балалық шақ» фильмін еліміздің барлық кинотеатрларынан тамашалай алады.



Ернұр
РЫСБАЙ

Ақберен Елгезектің балалық шағына негізделген бұл туынды – жан жарасы, бала махаббаты, әділетсіздік пен күрес туралы әсерлі оқиға. Фильмде бас кейіпкер – бала Ақбереннің өгей әкесімен қарым-қатынасы, анасының тағдыры мен оның ішкі жандүниесіндегі арпалысы баяндалады. Сюжет желісі шынайылық пен сиқырлы реализм арқылы өрбіп, көрерменді терең ойға жетелейді. Басты рөлдерді Шәкәрім Алмасбек,



Нұртілек Жарылқасын және Берік Айтжанов сомдаған. Кинотуындының ресми саундтрегі ретінде Мейрамбек Беспаеттың «Бозторғай» әні қайта орындалды. Фильмді

отбасымен бірге көруге кеңес береміз. Себебі, ол балалық шақ, ата-ана мен бала арасындағы махаббат, өмірдің күрделі сынақтары туралы сыр шертеді.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ – мемлекеттік қызметші

Әдеп жөніндегі уәкіл – қызметтік әдеп нормаларының сақталуын және мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін бұзушылықтардың профилактикасын қамтамасыз ету қызметін жүзеге асыратын, сондай-ақ өз функциялары шегінде мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға консультация беретін мемлекеттік қызметші. Уәкіл мемлекеттік қызметшілердің құқығы мен заңды мүддесі бұзылған жағдайда, оларды қорғауға және қалпына келтіруге бағытталған шараларды жүргізеді.

Әдеп жөніндегі уәкіл мемлекеттік қызмет атқаруда орын алған әртүрлі құқық бұзушылықтарды талдап, оған жол бермеу бағытында түсіндірме жасайды. Соның негізінде бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерге мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын және басқа да заңдылықтарды бұзу фактілері бойынша жарияланған материалдарға мониторинг жүргізеді. Әдеп жөніндегі уәкіл өз қызметін дербес атқара алады және жұмыс қорытындысы туралы мемлекеттік қызмет жөніндегі уәкілетті органға есеп беріп отырады.

Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаментінде 2024 жылы мемлекеттік қызметтен өз еркімен босатылған 4 мемлекеттік қызметшіден шығу сұхбаты алынып, шығу себептері зерделенді.

- Әдеп кодексі және Мемлекеттік қызмет, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл салаларында Қазақстан Республикасы Заңнамаларын сақтау бойынша Департамент қызметкерлеріне семинар, кеңестер тұрақты түрде өткізіліп келеді, яғни 2024 жылдың қорытындысы бойынша 38 түсіндіру және оқыту семинарлары өткізілді.

Департамент қызметшілерінің қызметтік әдеп нормаларының сақталуына, сондай-ақ ұжымның моральдық-психологиялық ахуалының жай-күйін мониторингілеу мақсатында және артық жұмыс жасау фактілерінің алдын алу мақсатында анонимдік сауалнамалар алу жұмыстары ұдайы жүргізіледі. Ұжымда жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мақсатында 2 профилактикалық іс-шаралар өткізіліп, оған 28 мемлекеттік қызметші қатыстырылды және әлеуметтік желілерде 13 материал жарияланды. Мемлекеттік қызметші халықтың, елдің алдындағы тұлға болғандықтан, оның әрбір айтқан сөзі мен іс-қимылын халық жіті бақылап отырады, үнемі көңіл таразысынан өткізеді. 2025 жылдың басынан қазіргі уақытқа дейін БАҚ-та және әлеуметтік желілерде Департамент қызметкерлеріне қатысты сыни материал және қызметтік әдеп нормаларын бұзу фактісі бойынша оларды тәртіптік жауапкершілікке тарту фактісі анықталмады.

Мемлекеттік қызметші – мемлекеттің бір өкілі. Сондықтан өз ісіне, сөйлеген сөзіне, жүріс-тұрысына жауап бере алатындай болуы керек. Жеке адамдар арасында болсын, мемлекеттер арасында болсын, кез келген қарым-қатынас әдеп шеңберінен шықпаса ғана тиімді әрі нәтижелі болмақ.

Ч.С.ТАШЕНЕВ,
Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті
басшысының орынбасары, әдеп жөніндегі уәкіл.

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 27 ақпандағы №1/1-347 қаулысы	
Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесінің бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы	
Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 15 қаңтардағы № 24.1-24.07/33-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ: 1. Жол жүруді ұйымдастыру үшін «ORDA TS» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің, Бостандық ауданы, Рысқұлбеков көшесі, 28 Б үй мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-313-036-372), жалпы ауданы 0,6781 га жер учаскесінің ауданы 0,0730 га бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын. 2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін. 3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 6-қабат, 602-кеңсе кеңсе болып белгіленсін. 4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін. 5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі: 1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін хабардар етсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін; 2) жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін «Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін; 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын. 6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.	
Алматы қаласының әкімі	Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 27 ақпандағы №1/1-346 қаулысы	
Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 13 желтоқсандағы №4/530-2686 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысын жою туралы	
Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес және «Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 24 қаңтардағы №28.4-28.04/44-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ: 1. Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 13 желтоқсандағы №4/530-2686 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысы жойылсын. 2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін. 3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасына Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын. 4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.	
Алматы қаласының әкімі	Е.ДОСАЕВ

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ерғали БАҚАШ,
жазушы:

**АҚОШ ДОСЫМ,
ҚҰТТЫ БОЛСЫН!**

Дүниені ұстап тұрған мейірім, сүйіспеншілік, махаббат. Егер бұлар болмағанда адамзат не істеген болар еді. Оны тап басып айту қиын...

Бала Ақош пен Таған рөлі әдемі шыққан. Балалық, аңғалдық, үлкен арманға жету жолындағы қорғансыз жастың бәрібір талабы оңынан болды. Сәби арман қиял жүзінде қалып қоймай, өз жемісін берді. Жетістік деген осы болса керек-ті!

Ендеше «Болмаған балалық шақ»-ты көріңіз-дер. Кинодағы нәзік штрихтар адамды ойландырады. Жайшылықта мән бермейтін тұрмыстық-әлеуметтік тұстар өте көп. Бәрін талқылап жазып жату артық. Фильмді әр адам өз көзімен көріп, жүрегімен ұғыну керек.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША
ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден
18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет,
сейсенбі және жұма күндері
шығарылады.
Нөмірдің таралымы –
13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор –
Құралай ЖҰМАДІЛОВА

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ17VPY00085956
күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет "Almaty aqshamy" -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет "Алматы-болашақ" АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

● МҮФТИЯТ

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
Қазақстан Мұсылмандары діни
басқармасының төрағасы, Бас мүфти:



Аса рақымды, ерекше мейірімді Алланың Аатымен бастаймын! Барлық мақтау әлемдердің Раббысы Аллаға тән! Ардақты Пайғамбарымызға Алланың салауаты мен сәлемі болсын!

Қадірлі отандастар!

Сіздерді ісі мұсылман баласы асыға күтетін, он екі айдың сұлтаны болған қасиетті Рамазан айының келуімен шын жүректен құттықтаймын! Әр шаңыраққа бірлік пен береке, бақыт пен шаттық тілеймін! Рамазан айы құтты болсын!

Алла Тағала қасиетті Құранда: «Уа, иман келтіргендер! Өздеріңе дейінгі қауымдарға парыз етілгендей тақуалыққа жетулерің үшін сендерге де ораза ұстау парыз етілді» («Бақара» сүресі, 183-аят) деп баяндайды. Шариғатымыз бойынша балиғатқа толған, ақыл-

ОРАЗА – РУХТЫҢ АЗЫҒЫ, ТӘННІҢ ШИПАСЫ

Рамазан – жан мен тәнді рухани тазартатын, мұсылман үшін үлкен сабыр мектебі

есі дұрыс әрбір мұсылманға Рамазан айында ораза ұстау – парыз. Алайда, жолаушылар, науқас жандар мен сырқаты асқынып кетуінен қауіптенген адамдар, сондай-ақ жүкті немесе емізулі баласы бар әйелдер ораза ұстауды кейінге қалдыруына болады. Бұған шариғатымыз рұқсат береді.

Рамазан – Алланың мейірімі төгіліп, жұмақтың есігі айқара ашылатын, иманды күшейтуге мүмкіндік берілген қасиетті ай. Бұл – Жаратушы Иеміздің ұлы сыйы әрі нығметі. Сауаптар еселеніп жазылатын айда жасалған қайырлы істің қайтарымы адам баласы үшін құпия-сыр. Тіпті, ауыз бекіткен адамға берілетін сый мен сауап, құрмет пен марапат пайғамбарлар мен періштелерге де беймәлім. Аштық пен шөлге төзіп, Алла разылығын алуды шынайы ниет еткен адамға ықыласына қарай мол сауаптар беріледі. Алла Тағала құдси хадисте: «Аузы берік адам ішіп-жеуін Мен үшін доғарды. Ораза – Мен және құлымның арасындағы ғибадат. Оған берілетін сыйды Мен ғана өлшеп, Мен беремін. Ораза құлымның аштық пен шөлдеу себепті аузынан шыққан иісі Мен үшін мисктен (әтірден) де қайырлы», – деген.

Шарапаты мол айда сауап жинауға, ішкі дүниемізді тазартуға, Жаратушының разылығын алуға асыққан абзал. Пенденің осы айда ұстаған оразасы, Аллаға ұнамды барлық құлшылықтары, өзгелерге жасаған қайырымдылығы, сауапты амалдары еселеніп жазылады.

Ораза – күндіз тек ішіп-жеуден өзін шектеу деген сөз емес. Ораза – рухтың азығы, тәннің шипасы. Рамазан жан мен тәнді рухани тазартатын, мұсылман

үшін үлкен сабыр мектебі. Аузы берік жандар өзіне дөрекілік көрсеткен кейбір кісілерге: «Мен оразамын», – деген бір ауыз сөзбен көркем мінездің керемет үлгісін көрсетеді. Нәпсісіне тоқтау салып, сабыр сақтайды. Ал сабыр иесіне берілетін сый – жәннат.

Денсаулығына байланысты немесе кәрілік жетіп ораза ұстауға шамасы жетпеген адамдар ауыз бекіткен кісілерге ауызашар берсе, ол да – үлкен сауап. Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Алла Тағала ең болмаса бір түйір құрма, тіпті бір ұрттам сумен болса да қамқорлық жасағанға сауап жазады...», – деген.

Осы ретте барша отандастарымды Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының қасиетті айда ұйымдастыратын қайырымдылық іс-шараларына үлес қосуға шақырамын. Кәсіпкерлерді әлеуметтік маңызы бар азық-түліктердің бағасына жеңілдік жасауға үндеймін. Рамазан айына тура келген құдайы астарды ауызашар уақытында өткізіп, көбірек сауап алуға тырысайық.

Қоғамдық тамақтану орындарында ауызашар мәзірін халыққа ыңғайлы бағамен ұсыну да – сауапты істің бірі. Дүкендерде күллі жамандықтың бастауы болған арақ-шарап сатылмаса деген тілегімізді жеткіземіз.

Рақым айы – Рамазан құтты болсын! Қасиетті айда ұстаған оразамыз, жасаған дұға-тілектеріміз, құлшылық-ғибадаттарымыз, әрбір қайырлы амалдарымыз қабыл болғай! Алла Тағала отбасымызға амандық, жұмысымызға береке нәсіп еткей! Тәуелсіздігіміз тұғырлы, мемлекетіміздің мерейі әрқашан үстем болғай! Әмин!

ОРАЗА КЕСТЕСІ								
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ								
РАМАЗАН АЙЫ	АПТА КҮНДЕРІ	НАУРЫЗ	ТАҢ (Сәресі біту уақыты)	КҮННІҢ ШЫҒУЫ	БЕСІН	ЕКІНТІ	АҚШАМ (Ауызашар уақыты)	ҚҰПТАН
1	Сенбі	1 наурыз	05:11	06:26	12:08	15:59	17:44	18:59
2	Жексенбі	2 наурыз	05:09	06:24	12:07	16:00	17:45	19:00
3	Дүйсенбі	3 наурыз	05:07	06:22	12:07	16:02	17:47	19:02
4	Сейсенбі	4 наурыз	05:06	06:21	12:07	16:03	17:48	19:03
5	Сәрсенбі	5 наурыз	05:04	06:19	12:07	16:05	17:49	19:05
6	Бейсенбі	6 наурыз	05:02	06:17	12:06	16:06	17:50	19:06
7	Жұма	7 наурыз	05:01	06:15	12:06	16:08	17:52	19:08
8	Сенбі	8 наурыз	04:59	06:14	12:06	16:09	17:53	19:09
9	Жексенбі	9 наурыз	04:57	06:12	12:06	16:11	17:54	19:11
10	Дүйсенбі	10 наурыз	04:55	06:10	12:05	16:12	17:55	19:12
11	Сейсенбі	11 наурыз	04:54	06:09	12:05	16:14	17:57	19:14
12	Сәрсенбі	12 наурыз	04:52	06:07	12:05	16:15	17:58	19:15
13	Бейсенбі	13 наурыз	04:50	06:05	12:05	16:17	17:59	19:17
14	Жұма	14 наурыз	04:48	06:03	12:04	16:18	18:00	19:18
15	Сенбі	15 наурыз	04:46	06:02	12:04	16:20	18:01	19:20
16	Жексенбі	16 наурыз	04:45	06:00	12:04	16:21	18:03	19:21
17	Дүйсенбі	17 наурыз	04:43	05:58	12:04	16:23	18:04	19:23
18	Сейсенбі	18 наурыз	04:41	05:56	12:03	16:24	18:05	19:24
19	Сәрсенбі	19 наурыз	04:39	05:54	12:03	16:26	18:06	19:26
20	Бейсенбі	20 наурыз	04:37	05:53	12:03	16:27	18:07	19:27
21	Жұма	21 наурыз	04:35	05:51	12:02	16:29	18:09	19:29
22	Сенбі	22 наурыз	04:33	05:49	12:02	16:30	18:10	19:30
23	Жексенбі	23 наурыз	04:31	05:47	12:02	16:32	18:11	19:32
24	Дүйсенбі	24 наурыз	04:30	05:45	12:01	16:33	18:12	19:33
25	Сейсенбі	25 наурыз	04:28	05:43	12:01	16:35	18:13	19:34
26 Қадір түні	Сәрсенбі	26 наурыз	04:26	05:41	12:01	16:26	18:15	19:30
27	Бейсенбі	27 наурыз	04:24	05:40	12:01	16:23	18:16	19:30
28	Жұма	28 наурыз	04:22	05:38	12:00	16:24	18:17	19:32
29	Сенбі	29 наурыз	04:20	05:37	12:00	16:26	18:18	19:35